



Қазақ
жыры

Дулат
БАБАТАЙҰЛЫ

Тұнық тұма

RARITY



PUBLISHING
COMPANY Ltd

**Қазақстан Республикасы Ғылым академиясы
М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты**

Дулат Бабатайұлы

ТҰНЫҚ ТҰМА

**Өлеңдер мен дастандар
Сын-зерттеу, көзқарастар**

**Алматы
«Раритет»
2002**



Қазақ
жыры

Дулат
БАБАТАЙҰЛЫ

Тұнық тұма

Өлеңдер мен дастандар •
Сын-зерттеу, көзқарастар

RARITY



PUBLISHING
COMPANY LTD

ББК 84Каз7-5

Б12

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі бағдарламасы бойынша шығарылды

Редакция алқасы:

З.Ахметов, С.Қирабаев, З.Қабдолов, С.Қасқабасов, Ә.Асқаров,
Т.Көкішев, Ж.Ысмағұлов, Н.Айтов, С.Қорабай, Қ.Раев,
З.Серікқалиұлы (жауапты шығарушы).

Жалпы редакциясын басқарғандар:

З.Ахметов, С.Қасқабасов

Құрастырған Қайрат Раев

Пікір жазғандар: М.Жармұхамедұлы, Б.Омаров

Б12 Бабатайұлы Дулат.


Тұнық тұма. Өсиетнама: өлеңдер мен дастандар (1 кітап); Дулат жырау тағылымы: сын-зерттеу, көз-қарастар (2 кітап). Құрастырған Қ.Раев//Алғысөзін жазғандар З.Ахметов, Қ.Раев. — Алматы: «Раритет», 2002. — 288 бет.

ISBN 5-7427-0199-3

Абай дәуіріне дейінгі қазақ поэзиясын мазмұн, тақырып, түр және көркемдік тәсілдері жағынан байытып, жаңа биікке көтерген Дулат Бабатайұлының шығармалары «Өсиетнама» жинағы бойынша (Қазан, 1880) тұңғыш рет ұлы ақының 200 жылдық мерейтойына орай толық нұсқасында ұсынылып отыр. Қос кітаптан тұратын бұл томдыққа біздің заманымызда бұрмаланған, қысқарған көптеген туындылары, шумақ-жолдары қалпына келтіріліп, ХІХ ғасырдан бері жұртшылыққа беймағлұм қыруар толғаулары енгізілді. Мәңгілік мұра тағылымын әр қырынан талдайтын ғылыми таным ізденістері де кең қамтылған.

Б 4702250202—00
413(05)—02

ISBN 5-7427-0199-3



ББК 84Каз7-5

© «Раритет» БК, 2002


© Бездірткен А.Тіленшиев, 2002



I КИТАП

ӨСИЕТНАМА

Өлеңдер мен дастандар





ҚАЙҒЫЛЫНЫ УАТТЫМ

Тегімді менің сұрасаң,
Қалың найман нуынан.
Жырымды менің сұрасаң,
Сары алтынның буынан.
Сырымды менің сұрасаң,
Тұманың тұнық суынан.
Кеудеме қайғы толған соң,
Тұнық жырман жуынам.
Сорғалаған нәсердей
Жырын тыңда Дулаттың.

Тасқын судай ағызып,
Шәрбет балдай тамызып,
Торқалы топыр тойында,
Топ бас қосар ойында,
Қасқа, жайсаң алдында
Топ жиынды дулаттым.

Айдасаң алыс жерім-ді,
Алсаң ащы терімді,
Өзіне-өзі сенімді,
Тоят төс, салпы ерінді,
Топтан торай бермейтін
Тұлпар аттай қунақпын.

Қайырсыз, сараң малдынды,
Еріншек, есер жарлыңды,

Халыққа емес сыйымды —
Парақор баспақ биінді,
Ел бүлдіргіш бегінді,
Әперіп сөзбен кегінді,
Улы тілмен улаттым.

Сана құйып ойына,
Қуат беріп бойына,
Аққан жасы сел болған,
Етегі толы көл болған,
Беріш боп шері байланған,
Ұйқы беріп, қайғы алған
Қайғылыны уаттым.

Жырымды менің тыңдаған
Сөз ұғатын соңғы адам
Тыңдаудан әсте тынбаған.
Гауһардай дүрге бұлдаған,
Сарқырап аққан жылғадан
Жыр арнасы — суатпын.

Шашудай болып шашылар
Меруерттей асыл сөз деген.
Жыршылардың шайыры
Асыл сөзді езбеген.
Нысананы дәл басып,
Қалаған жерден көздеген...
Қамқа бірдей бола ма
Қаламы мата бөзбенен.
Қосылып алтын қорымас
Мырыш пен мыс, жезбенен.
Меруерттей сөзбен шашайын —
Бойыма біткен асылым
Ақындық әсер қуатпын.

Сусағанды сулатып,
Шаршағанды қунатып,
Кезегенді тура атып,
Жырыммен елді жетелеп,

Мойыс жерден төтелеп,
Ағылайып ақпадай.

Азған елдің адамы,
Апшыған сұмдар қадамы,
Жүйрікпін деп шабаны,
Момынға жапса жаланы,
Қулық, сұмдық табады.
Арқасы елдің жауыр боп,
Артқан жүгі ауыр боп,
Төрт аяқтан ақсады-ай.

Батыстан патша түнегі
Жеріңе келіп түнеді.
Жоныңнан таспа тіледі,
Ішіңе әбден кіреді.
Оны Дулат біледі.
Серпуге тұяқ жарамай,
Елді басқын басқандай.

Дуан салып ішінен,
Айырып қуат-күшінен,
Ақ патша десе үрпип,
Оянып шоршып түсінен,
Аға сұлтан қазының
Ел сілкінді ісінен.
Ауылдың атқамінері—
Жемтікке қонған күшіген,
Өзі тойса, мәз болды,
Ел іргесін сақтамай.

Ер деп елді бұзғышты,
Сұқсыр деп сұмырай қызғышты,
Кезқұйрықты лашын деп,
Кенеусізді асыл деп,
Құладынды сұңқар деп,
Жабыны шабан тұлпар деп,
Құтқармайтын құмай деп,
Төбетке қарғы таққандай.

Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады-ай.
Өзі елді қорқытып,
Онан өзі қорқады-ай,
Алдына түсіп томпаңдай.

Жарлылардың торпағы,
Бір торпаққа он болып
Пысықтардың ортағы,
Қарашығын алымы —
Бай-кедейге бірдей боп
Шаңыраққа салығы,
Ел ұйытқысы шайқалып,
Төгіліп судай аққандай.

Сортаң жерге қақ тұрып,
Су ішуге келмейтін,
Сараң байға бақ тұрып,
Қолынан қайыр бермейтін,
Қотиындары бек болды
Елді теріс сермейтін.
Ел ұйытқысын шайқалтып,
Дәулетін судай шашқандай.

Шыр айнала қорған тұр,
Артында өрт, алдында ор.
Тілеген ақтап момын қор,
Қанды шеңгел зұлым зор,
Болатын босап, болды бор,
Аяғынды қырықты
Ашылмай қанды қақпан-ай!

БАРАҚҚА

Дулат Барақ төреге келсе, Барақ кекетіп: «Жарасқұл-
шам, сөйле», — депті. Сондағы айтқаны:

О, Барақ жас, Барақ жас!
Жегенге тоқ, ішсең мас.
Жақсы болса ұлығы,
Өз елін жаудай таламас.
Қасқыр тартып, қан шықса,
Жаман ит жұлып жей берер,
Алды-артына қарамас.
Жақсы иттің белгісі —
Жұлмақ түгіл жаламас.
Азған елдің бектері
Қан шықса, елін жұлмалар
Қасқырменен аралас.

Қазіргі қазақ ұлығы
Жаман иттен несі кем —
Жемтік көрсе, қан көрсе,
Айрылар мүлде есінен.
Сендер атқа мінген соң,
Тандыр болып суалды
Шалқар көлдей несібем.

Әбілпейіз арғы атаң
Алтын тұғыр сұңқар-ды.
Еріктіріп батырын,
Қунатып еді тұлпарды.
Тұсында сенің, хан Барақ,
Азулы бейне аң Барақ,
Содырлы, сойқан төлеңгіт
Елге қарай анталап,
Ашынғанды таптады,
Ел етегін қымқарды.

Алтын еді бір кезде,
Ағаш болды тұғырын.

Тыюсыз, тентек төлеңгіт
Шығарды елдің ұрлықпен
Дығыры мен ығырын.
Алалға қарсы хан болдың,
Тентекті сүйеп не құрым.
Азған сені көргенде,
Қайнайды менің зығырым.
Өгізі болдың жегілген,
Арамдыққа егілген
Айдайтұғын шығырын.

Құрық бердін ұрыға,
Момынды алдың қырыңа.
Малсыздарды таптадың,
Малдыларды жақтадың,
Тентекті жасқап қақпадың,
Арамдарды ақтадың,
Өсекшіні мақтадың,
Арамдық болды баққаның,
Орыс болды жаққаның.
Қашан сенің ашылар
Момындарға құрылған
Қанды қара қақпаның?

Қарағысыз ел мен жұрт
Төрелік түскен шағыңа.
Ие болмай айрылдың
Атаңның алтын тағына.
Қара толқын жау толды
Шығыс, батыс жағыңа.
Тұлпардан туған тұқым ең,
Ере алмадың жабыға.
Етегін ашып кім күлмес
Азғындаған шағыңа.
Алдыңа келсе жүгініс,
Қарамай қара, ағына,
Адалды сатып параға,
Болыстың арам жағына.
Рухына нәлет келтірдің,

Қабың менен сабыңа.
Бұзықты құрап, ел етіп,
Қондырдың оң жағыңа.
Ұрыңа елді тонатып,
Бүлдіре бер тағы да!

КЕҢЕСБАЙҒА

О, Кеңесбай мырза, тыңда сөз!
Айтатұғын келді кез.

Көкіректеңіп панданбай,
Сырттан көріп танданбай,
Менің сөзім құйылса,
Кеудеңе шырақ жанғандай.

Арғы атаң сенің Нарынбай,
Кең қолтық, ұзын қарымдай,
Елдің жүгін көтерген
Ақ өңеш шөңгел нарындай.
Көкейіңе қондыра
Сөйлесін жаршың сарындай.

Қу дауысты Құттыбай
Қазақ туын көтерді,
Даналықпен айырды
Келер менен кетерді.
Өтірік деші, қанеки,
Мен айтпаймын бекерді.

Тұлпар мініп, ту ұстап,
Олжа салды еліне.
Тояттаған сұңқардай
Құйылып еді жеміне.
Қазықтай жерге қадады
Дұшпанын деген «сені ме!»
Тізе қосып теңесті
Тепкісі тең теңіне.
Ой, ол кездегі өткен күн
Түсім бе едің, өңім бе?!

Байқара атаң бай болды,
Төрт түлігі сай болды,
Қайыры елге мол болды,
Анық әділ сол болды.

Серкештеп жылқы айдалды,
Көшкенде жұртта тай қалды.
Алдына келген дау болса,
Әділетпен жайғалды.

Дәулетіне ел кенелді,
Жетім-жесір теңелді.
Опасыз мына жалғаннан
Демі біткен күнінде
О да көшіп жөнелді.

Өз әкенді айтайын,
Қара тіл ділмар Ақтайлақ,
Топта жалғыз сөйлеген
Асыл сөзді тақтайлап.

Тұқымың дегдар болғанмен,
Кеңесбай, азғын туғансың.
Тістеуік айғыр секілді
Үйіріңді сұйылтып,
Тай-құнанды қуғансың.
Ел білерлік ісің жоқ,
Дегдар емес, будансың.

Будан дейтін себебім:
Айналанды торисың,
Түзден тоят тілемей,
Өлексені қорисың,
Алдыңа келсе жүгініс,
Терісті оң деп жорисың.

Қолбала құс секілді
Биялайға қарайсың.
Не тұлғама тұтқа боп,
Не керекке жарайсың?!

Ішің — аяз ақ қырау,
Сыртың — сұлу сарайсың.

Ыдысысың параның
Қотара құйса толмайтын.
Ашылған әбден араның —
Түйені жұтсаң түгімен,
Биені жұтсаң бүгімен,
Қақалмай-ақ толғайтын.

Айтты десең, Кеңесбай,
Бергенінді санап ал.
Тақымдап елді тұжырып,
Осы елде жалғыз өзің қал.
Тінейдің сары құсындай
Өзіңе өзің шеңгел сал.

Ел тереңге сүңгіді,
Қармайтұғын қалмай тал.
Серпілер күн болар ма
Елге түскен ауыр хал?
Көз жасың да болмады,
Қара қазан, сары бала,
Жетім-жесір, кемпір-шал!..

СҮЛЕЙМЕНГЕ

Айбарлы ақ ордада
Әшекейлі дөдеге
Шаншулы найза, ілулі
Алтын сапты селебе.
Айқара қамқа жамылып,
Алдында күміс тегене.
Ардақты туған атадан
Әуелі сәлем берейін
Сүлеймен сынды төреме.

Төреліктің белгісі —
Елін жауға бере ме?

Еліңе қорған болмаса,
Ел төрені көре ме?

Қаршығаны қайырма,
Қалыңға салса батпаса;
Мергенге мылтық кезетпе,
Атқан оғы айнымай,
Түтінін үзбей атпаса;
Батыр деме батырды,
Шеп құрған жауға шаппаса;
Төре деме төрені,
Ел тілегін таппаса;
Қару деме семсерді,
Шапқанда сүйек қаппаса;
Досым деме досыңды,
Күле кіріп келгенде,
Күңірене есік аттаса;
Жыршының аты жыршы ма,
Әркімнен өлең жаттаса?!
Сөз — жібек жіп, жыр — кесте:
Айшығы айқын көрінбес,
Өрнексіз тігіп баттаса;
Шешеннің аты шешен бе,
Таңдайға дәмі үйіріліп,
Даугердің тауын шақпаса?!
Дулатты Дулат деменіз,
Тас ағызып ағыны,
Төре алдында ақпаса!

Сүлеймен төре, құлақ сал
Дулаттың төккен жырына.
Үңілсең, көзің жетер ме
Теңізден терең сырыма?
Төрдегі өңшең отырған
Топырыш, топас, күшіген,
Жау айбынбас күшінен,
Ел түңілген ісінен.
Дулат келсе, бермейді
Төрден орын сырыла.

Толғанып, төрем, көз жібер
Ойың менен қырыңа.
Барақ сынды төреміз,
Кеңесбайдай кереңіз,
Ақтайлақ пен Аққожа,
Әділ бекзат кеткен соң,
Жан жіп байлап жанына,
Құрық берді ұрыға.
Аруақтың артқы сарқыны,
Алал бекзат туысым,
Айбарынды байқасам,
Алтын зерлі түбімсің,
Ауыл-аймақ, көршіңе
Алтынның айшық буысың;
Әділдігің — қазақтың
Ақназардай биісің;
Адалдығың — аңқылдақ
Сыбызғының күйісің;
Қас дұшпанға қасарсаң,
Қан шықпас тастай түйінсің;
Ел қамын жеген ер болса,
Сабазым, сендей күйінсін.
Сырға берік сырбазым,
Ашуын таппас қиынсың.

Бірақ, жалған, қайтейін!
Мезгілсіз келіп дүниеге,
Аптапқа түскен басың бар.
Жау айбынар досың жоқ,
Жар, жапсарда қасың бар.
Жылайсың да шыдайсың...

...Күні өтіп, айы асқан,
Енді қазақ ел болмас.
Дәрігері дарын болса да,
Ауруына ем қонбас.
Мүйізdeskен сиырдай,
Байласаң, басжіп жетер ме?
Еңбегің — еш, тұзың — сор,
Қайратың селге кетер ме?

Толқынды теңіз заманнан
Сенімді кеме болмаса,
Желқайықпен өтер ме?!
Елің үшін еңбек қыл,
Отыра берме бекерге.
Көмбеге таяп қалғанда,
Жүйрікке керек көтерме.

Аяз қысса мүйізді,
Мүйіз қысып тұқылды...
Қанталаса тұқылың,
Алпыс екі тамырың
Қаңсып қалған сықылды:
Ұлық қысса ұлықты,
Ұласып мидай былықты...
Атқамінер ауылда
Итше ілініп ылықты.
Орыстың көрсе ұлығын,
Қыздан дағы қылықты.
Ұлық кетсе, қазаққа
Қорқау қасқыр құлықты.
Бұзауы өлген сиырдай
Сауыны иіп Дулат жүр,
Місе қылып тұлыпты.

ИШАНҒА

(Ел аралаған иманға айтқаны)

Ей, айтайын арнап Ишанға,
Кетіп еді есем де.
Айтатұғын жөнім бар,
Ишанға не десем де —
• «Ұжмаққа тура бастайтын»
«Ел серкесі көсемге»,
«Құтқаратын тозақтан»
Шариғатқа шешенге.

Ишан, елді аралап,
Қошқар, теке жинадың.

Құдай жолын қуған деп,
Ишан, сені сыйладым.
Мандайдағы бай болдың,
Нәпсіңді неге тыймадың?
Өзің алсаң, жүз аз деп,
Берсең, бірді қимадың.
Жетерлік болды елге де
Сенің берген иманың.

Құдайға қолын жеткізіп,
Беремін деп, пенденің
Талайын алдың тартқандай
Кем мен кетік, кенденің.
Бала берем саған деп,
Сан әйелді емдедің,
Күйсеуіңе болайын,
Сен болсаң менің сенгенім.

Жазылады деп ең, жазылмай,
Талайы өлді қаза боп;
Өледі деп ең, жазылды
Талайы құлантаза боп.

Бала түгіл сымбыл жоқ,
Бедеуге бала бермек ең.
Бедеу катын қалды ма
Сен етегін көрмеген?
Дулаттың ащы жырынан
Алдамшы сендей Ишанның
Талайлары терлеген.

Ақылы жоқ молдалар
Иман алмақ тиынға.
Оңайлықпен келмейді,
Иман деген қиын да.

Өзінде, Ишан, иман жоқ,
Елге иман бермексің.
Қиямет-қайым болғанда,
Әуелі өзің көрмексің.

Өтірік айтқан сөзіңнің
Расып сонда таба алмай,
Аман-есен кетпексің,
Жаһаннамға қамалмай.

Алдап алған малыңның
Есебіне жете алмай,
Қалтырарсың, Ишаным,
Қыл көпірден өте алмай.
Жөніңе кел, Ишаным,
Тозаққа қарай бет алмай.

АҚТАНҒА

Ақтан деген жетім балаға айтқаны)

О, Ақтан жас, Ақтан жас!
Сен де жетер ме екенсің?
Жетімдіктің белінен
Асып өтер ме екенсің? —
Жарық сәуле көре алмай,
Ел шаңына ере алмай,
Сол бойы кетер ме екенсің?..

Жапанға біткен жапырақ,
Жамылсаң, тоңар ма екенсің?
Жазғы шыққан бүлдірген,
Сұғынсаң, тояр ма екенсің?
Күрек тісін қасқайтып,
Сұлу сүйер ме екенсің?
Бадана көз, тоғыз тор
Сауыт киер ме екенсің?
Білтеліні тұтатып,
Түтінін үзбей оқ атып,
Жау қашыар ма екенсің?!
Тұлпар атты жаратып,
Құйрық, жалын таратып,
Бежін ерді ерлетіп,
Жорыққа жортып, терлетіп,
Сырты қырлы, жүзі алмас,

Салған дағы жоғалмас
Сапы асынар ма екенсің?

Босағасын борлатқан,
Керегесін торлатқан,
Тегеріші манаттан,
Жібектен ызып бау таққан
Үйге де кірер ме екенсің?

Тең құрбыңмен теңеліп,
Шаруа жиып кенеліп,
Бала сүйіп, мал жиып,
Керсеніңе бал құйып,
Өмір сүрер ме екенсің?

Жетімдіктен өтерсің,
Шаң бермей әлі кетерсің,
Қажыма, Ақтан, қажыма,
Жетерсің, әлі жетерсің!

БАЛАСЫНА АЙТҚАНЫ

Жапанға біткен жантақты
Жаһан кезген нар жейді;
Тәтті менен дәмдіні
Қолында бұлы бар жейді;
Қорқақтықтың белгісі —
Арықты да жар дейді;
Кертартпаның белгісі —
Кең дүние тар дейді;
Қолында жоқтар тайлақты
Солқылдақ өркеш нар дейді.

Балам, маған кейіме,
Әкем айтпай кетті деп;
Сырын білмей бой салма,
Атасы оның текті деп;
Тұрлаусыздан сөз ұкпа,

Аузы оның епті деп;
Нашардан шыққан жақсының
Сөзін жерге тастама,
Атасы нашар өтті деп.

Орманшы ағаш кесе алмас,
Ақ балтаны қайрамай;
Жорыққа батыр аттанбас,
Жау жарағын сайламай;
Егінші егін сала алмас,
Қос өгізді айдамай;
Көңілмен құрғақ бос жүрсең,
Алақандай жер жүзі
Аспан болар айнадай.

Істемей қолмен іс болмас,
Құры сөзде күш болмас,
Таңдайға дәмі татымас,
Ауызға салып шайнамай;
Ер қолынан іс келмес
Сұңқардайын түйілмей,
Буынып белін түйінбей,
Зердесі жігер қайнамай.

Жабыққанды дерт білмес,
Басқан қайғы серпілмес,
Шамшырақтай жайнамай;
Ер деп атақ алмайсың,
Алмас семсер асынбай,
Кезенген жауды қашырмай,
Асудан ары асырмай;
Бара алмассың байланып
Көңілге алған жеріңе,
Болат найза қайрамай;
Шыға алмассың ұмтылып
Шығам деген өріңе,
Садақ сыртты, күпшек сан
Тобышақ атты жайламай.

Бәрін айт та, бірін айт,
Кез болдың кер заманға.
Тандыр болып тартылып
Қалмайды қор сабан да,
Дәніңді сорып тауысып,
Өрт қояды сабанға.

Қолыңнан дәулет кеткен соң,
Өлер халге жеткен соң,
Жат болар саған, жау болар
Қатын менен балаң да.
Қалаға қарай шұбырып,
Малайлыққа жүресің.
Орыстың қорып қорасын,
Қабаған ит боп үресің,
Пана болмай далаң да.
Өгізін айдап жағынып,
Өткен күнді сағынып,
Шошқасын бағып сабылып,
Шөгір кіріп табанға.

Жол тауып саған беретін,
Көзіңнің жасын көретін,
Соңынан соның еретін
Қалмады елде адам да.

Балам, саған айтқаным:
Даңғыланбай, шаруа жи;
Албырттықты әсерлі
Құрбыңа еріп, көрме сый;
Қолда барың қанағат,
Қолда жоққа құмартып,
Әуреленбе, ләпсің тый;
Әкеңнің айтқан аз сөзін
Құтысына көңіліңнің,
Төгіп алма, дәлдеп күй!
Менің айтқан бұл сөзім
Өміріңе пайдалы,
Басыңда болса егер ми.

САНДЫҚТАС

Ақжайлау мен Сандықтас —
Атамның қонған қонысы:
Түн асса, тұтам түгі өскен,
Басылмайтын соңысы!

Аққан бұлақ сай-салаң,
Шытырман тоғай айналаң,
Жоның жайлау кең алаң,
Атам қонған иен далам!
Мендей сені қызғанар
Бауырыңда өскен қай балаң!
Көл қорыған қызғыштай,
Сен десе, салам байбалам.
Жайлауыңды көргенде, —
Жадыраймын, жайланам.
Өксігінді ойласам —
Ұйқы беріп, қайғы алам.

Қилы, қилы заманды,
Заманға сай адамды
Салғастырып қарасам,
Су мүйіз болған танадай
Шыркөбелек айналам.
Кешегі бір заманда
Қайран қазақ, қайтейін,
Қасиетті еді хан, қараң.
Мынау азған заманда
Қарасы — антқор, ханы — арам,
Батыры көксер бас аман,
Бәйбіше — тантық, бай — сараң,
Бозбаласы — бошалаң,
Қырсыға туды қыз балаң.
Нары — жалқау, кер табан,
Құсы — күйшіл, ат — шабан,
Жырғалаң жоқ, жобалаң.
Ебі кеткен ел болды,
Енді қайда мен барам?!

Ой, Сандықтас, Сандықтас,
Атамның қонған жайлауы!
Қайпардан суың қайнауы,
Шалғынға жонын көмілтіп,
Құлынды қазақ байлауы,
Бал татыған бағланның
Езілтіп етін шайнауы —
Сенің арқаң емес пе
Лықсытып малды айдауы!

Мынау азған заманда
Сөзінің кетіп байлауы,
Келелі биде кезек жоқ,
Қу тиын болыс сайлауы.
Басалқа жақсы кеткен соң,
Іс айналып бақырға,
Ер қайраты қор болып,
Ақыл салды қатынға,
Түзелмес енді іс болып.
Қаларсың бір күн, Сандықтас,
Құлан жортпас бел болып,
Жоныңнан тас бастырып,
Тамырыңды қопарып,
Шошқа түртіп қыдырып,
Самалың салқын соғатын
Сары ызғырық жел болып.

* * *

О, Сарыарқа, Сарыарқа!
Самалың салқын жон едің.
Сырдан ауып келгенде,
Жапырылмай шалғының,
Балауса балдыр балғының,
Тимеген ірге соны едің;
Ойың балау шайырлы,
Бетеге қырық шайырлы,
Толықсып толып лықсыған,
Олқы емес едің, толы едің.

Өрісін бейбіт дер едің,
Қонысын кең кер едің,
Тебіңді теуіп тел өскен
Төрт түлікті жер едің,
Ойың көкпен ойылған,
Қом жасап түйең тойынған,
Жылқыңның шабы бусаған,
Ыңыранып қой жусаған,
Шөбінді сенің татқан мал
Құламасы сусаған,
Масаты кілем жайғандай
Қоныстың шұрай жері едің!

Жеген мал қысыр қалмаған
Бетеге, тарлау, шырышың,
Қарабөктер мүк, жусан,
Ерте қашқан шыбышың,
Саған келіп ішіп ек
Тұнықты мөлдір шынысын.

САУЫР ЖЕРДЕН АЙРЫЛЫП

Тауды екіге жарасың,
Тастың қашап арасын.
Кесіп өтіп кезеңді,
Аягөз, қайда барасың?!

Жағандағы сұлу тал,
Саясының шөбі бал,
Ерекше семіз ішкен мал.
Сумаң қағып сүйіріктей,
Шалқып шапқан жүйіріктей
Екіге бөліп ерке су
Қас пенен көздің арасын!

Тарбағатай тауынан
Тоқсан сала қосылып,
Тоғыз өзен түйісіп,

Ақтың төмен жосылып.
Ағының тасты ағызып,
Арнаң қалды осылып.
Күркіреген үніңнен
Аңдар қашты шошынып.
Қырға суың тарады,
Ойға суың барады
Тоғанменен тосылып.

Аягөз, сенің бойыңда
Несібе, ырыс тегіс қой,
Сай-салаң толған жеміс қой.
Қырың — малдың кіндігі,
Ойың — өнім егіс қой.

Айтуға ауыз келе ме,
Аягөз кімнің жері еді?
«Жер сауырын — жайлауды
Ел сауыры» дер еді.
«Жер кімдікі?» — дегенде,
Аға сұлтан, қазылар
Не деп жауап береді?

Сауыр жерден айрылып,
Қазақ елі жұқарды,
Сауыр емес, шап болды.
Заманға сай адамы —
Қу заманға сұм басшы
Сорымызға тап болды.

Жағана дуан түскен соң,
Суыңды орыс ішкен соң,
Аягөз суы қағынды.
Би, старшын мойнына
Жезден қарғы тағынды.
Аға сұлтан, қазылар
Майырға болды жағымды.
Шайқады қулар тағымды.

Тайғызды бастан бағымды,
Сындырды, елім, сағынды.
Қара ісіне дем беріп,
Қарайтты әдей ағынды.
Ұзын өріс қысқарып,
Кең қонысың тарылды.
Сөзіңнен кетіл пәтуа,
Құт-берекең арылды.
Ағайын араз болған соң,
Ел екіге жарылды,
Қарайласпай жоғыша,
Көре алмай, күндеп барыңды.

Жауға шабар ерің жоқ
Сақадай болып сайланып.
Төсекжанды мырзалар
Ала баспақ байланып,
Үйкүшіктей үреді
Отының басын айналып.

Жеріңнің алды шұрайын,
Дуан салып жайланып.
Датыңды айтсаң майырға,
Сібірге кеттің айдалыл.
Бейнең қандай болды екен,
Қарасаңшы бір мезгіл
Қолдарыңа айна алып.

Жерге қарай мал бітіп,
Малға қарай құт болмақ.
Қонысынан мал тайса,
Құты кетіл, жұт болмақ.
Айтып-айтпай, немене,
Қүн өтіп, уақыт біткендей —
Сары аурудай сарылып,
Өлімді аңсап күткендей.

АТА ҚОНЫС АРҚАДАН

Ата қоныс Арқадан
Басында қазақ ауғанда,
Күзді күнгі нөсердей
Көзінің жасы жауғанда,
Ақтабан боп шұбырып,
Асып асқар таудан да,
Алқакөлді айналып,
Ақ қайыңды сауғанда,
Арысын белден омырып,
Қалмақ тартып барды алды;
Ұйқысы түссіз қанбаған,
Ел қалап, ер таңдаған,
Берген серттен танбаған
Аққұба ару жарды алды;
Тең арқаны қиылып,
Артқан жүгі үйіліп,
Өрде шөгіп нар қалды;
Күз тоқсан, қыстың маусымы
Үдере тартсаң азбайтын,
Айсыз түнде адассаң,
Ауылыңнан жазбайтын
Аударып алды тарланды;
Аш күзендей бүгілтті
Алтын қарғы арланды;
Аталықтай ақсақал
Алласына сыйынып,
Тілегі мүлде қиылып,
Сәждеде жатып зарланды.
Аналықтай бәйбіше
Көкірегін кернеген,
Күндіз күлкі көрмеген,
Түнде ұйқы бермеген
Көзінен төкті арманды.

Ел үшін кешіп жанынан,
Ереуілге шыққан ер,
Өлексесін күшақтап,

Қала берді туған жер.
Айрылды қанат-құйрықтан
Қанды көз, қайқы қаракер.
Қара бұлттай қабындап,
Халықты басты қайғы-шер.

Сол бетімен шұбырып,
Торғайдай тозып Сыр түсті.
Туған жерді көксетер
Халықта сөнбес сыр күшті:
Есін жинап алған соң,
Бозбала үйде жатпады,
Тобышпақ атты баптады,
Болат сүңгі саптады.

Ата кегін алмаққа,
Ат терлігін кептірмей,
Жиі аттанды қалмаққа.
Дау аяғы айналды
Жазылмас ауру толғаққа.

Кемеліне келген соң,
Арқаны қазақ көкседі,
Арасынан қалмақпен
Бәленің оты өшпеді,
Өшпек түгіл үстеді.

Саулықты қысыр қалдырып,
Қошқардың түспей күйегі,
Айғырдан бөліп биені,
Бурадан бөліп түйені,
Қайта Арқаға көшкені.

Арқаны оңай бермеді
Ірге тепкен көп қалмақ.
Ел шайқалып, ел қандап,
Мал шабылып, жер шаңдап,
Қымбат болды қазаққа
Қалмақтан қайта жер алмақ.

Атақоныс Арқадан
Қалмақтың таймай іргесі,
Сөлі кетіп қазақтың,
Қалған кезде сіргесі
Әбілмансұр хан болды:
Хан болмады қазаққа,
Ағарып атқан таң болды.

Қосылып басы қазақтың,
Алатаудан асырды
Арқадан айдап қалмақты.
Бозбалаға мінгізді
Сәйгүлік пен саңлақты.
Шабаны тұлпар жүйрік боп,
Сайынға шауып шаңдатты.
Шалағайы берік боп,
Шала мерген жамбы атты.
Сарыарқа мүлде бейіш боп,
Елі еркін, кейіс жоқ,
Мыңнан бірді таңдатты.
Төрт түлікке толтырды
Толағай түлдыр қыратты.
Тандыр болған жылғадан
Сарқырап тұнып су ақты.
Өзен қып өрге ағызды
Жылжыған жылым бұлақты.
Қураған шынар көгеріп,
Қу тұқыл алды қуатты.
Ай маңдайлы арудың
Жұпармен шашын сылатты.

Оңы — күн, солы — ай болды,
Қара суы — май болды.
Бесіктен белі шықпаған
Жасы өсіп, бас болды,
Еңкейген кәрі жас болды.
Жетім өсіп, теңелді,
Жетісіп жесір, кенелді.
Шалшық суы көл болды,
Құрамалар ел болды.

Мұхитты кезген кемедей
Біраз күн қазақ сайрандап,
Ханталауда, қамалда
Қалды кеме қайрандап.
Абылай туы жығылды,
Қабырғаң, қазақ, сығылды.
Үріккен қойдай біріңе
Бірің келіп тығылдың...

ӘУЕЛГІ ҚАЗАҚ ДЕГЕН ЖҰРТ

I

Әуелгі қазақ деген ғаріп жұрт,
Миығынды көрсетпей,
Ұстарасыз өскен мұрт.
Ұйқы басып сезбедік
Шырмағанын жасудың сырт,
Емін-еркін ен жайлап,
Өсіп едің Бұхарда.

Елің сонда жүргенде,
Қызық дәурен сүргенде,
Бәйшешек шығып бүргенге,
Ерлерің тартпай жабыға,
Тартушы еді тұлпарға.
Кешегі сенің бірауызды күніңде
Үш жүздің ұлы қараған,
Алдынан соның тараған
Әбілпейіз, Абылай —
Екі сұлтан сұңқарға.

Еркін өскен қайран ел,
Дәулетің бейне шалқар көл,
Айдының бейне асқар бел,
Ботадай бейне өскен тел.

Сен Бұхарда кезінде,
Бәтуа бар сөзінде,

Келелі биің сенімді,
Қара бір халқы көнімді,
Тынып еді еліміз.
Шаңына малың аунаған,
Дәулетің өсіп қаулаған,
Тел емес малды саумаған,
Бұхар-ай шәрі дейтұғын
Өскен, өнген жеріңіз.

2

Тай туып, тайлақ қайыған,
Тоқты қоздап байыған,
Малың қысыр қалмаған,
Қулығың құлын салмаған,
Қалың еді ырысың
Көлге біткен жекендей.

*Бай сатып қыл мен қыбырын,
Кедей бұлдап сабырын,
Ерсі болып ырығың,
Ішке дуан салған соң,
Жан кірді ме бейліңе,
Жол таба алмай қамалдың.
Айуанмен тең саналдың,
Терідей болып тоналдың.
Бастады тәңірім теріске,
Елің түсіп керіске,
Енді қолың жетпейді
Кең қоныс, бейбіт өріске.
Жол таба алмай, қамалдың
Басшысын атқан бөкендей.*

*Шаригат жолын тастадың,
Теріске елді бастадың.
Төре, қараң бас қосып,
Жақсылық жаудан іс тосып,
Кұба тамға жиналдың.
Мәдине мен Меккедей
Кереметті, дұғалы,*

Айтқан сөзі дуалы,
Мәдине мен Меккеде
Әулие зада мол екен.
Әзірет қонған Қаратау,
Аса алмаған онан жау,
Болмаған онда ханталау,
Ел соқпағы даңғыл жол —
Қасымның қасқа жолы екен.
Көнелерден сұрасам,
Сөзін жинап құрасам,
Сауыскандық Түркістан —
Сенің туған жерің сол екен.

3

Сен туған жерді тастадың,
Теріске елді бастадың,
Қаратаудан асқаның,
Арқаға аяқ басқаның —
Түлігі төртеу мал үшін;
Иен жерді мекен етем деп,
Игілікке жетем деп,
Кеңшілік сүтін ішем деп,
Ойменен тон пішем деп,
Қара қазан, сары бала,
Кемпір-шалдың қамы үшін;
Бетегесі бырдай боп,
Майсасыры дырдай боп,
Тарлаулары балдайын,
Балауы жая-жалдайын,
Ойы түрлі кілемдей,
Солқылдап қыры кілендей,
Салқын самал дала үшін.

4

Тобышақ атты бүгілтіп,
Құйрық-жалын сүзілтіп,
Езді бордай үгілтіп,
Түйғындай ерді ширатып,
Тас ошақты қиратып,

Нар шөгіп құмның астында,
Су кетліп таудан астың да,
Қой-қозынды маңыратып,
Бота-інгенді аңыратып,
Сиырынды мөңіретіп,
Мешеулерді еңіретіп,
Талдырмашты талдырып,
Ақсақ-тоқсақ қалдырып,

Үдере тартып көшкенсің.

Сыр, Қуаннан кеткенде,
Арыс, Келес өткенде,
Талас, Шуға жеткенде

Түйенің қомын шешкенсің
Шу бойына ығыр ғып,
Төрт түлік демін алдырып,
Қошқардың шешпей күйегін,
Қойынды қысыр қалдырып,
Тұлпардың тозып табаны,
Нардың апшып қадамы,
Бұйдасын іркіп баяулап,
Мұрнып жырып шабаны,
Сарыарқаға түскенсің.

Иен қоныс таптым деп оңай,
Өрісі кең ну тоғай.
Суы тұнык, шөбі қау,
Жалғыз ғана жиен жау,
Бағланды жеп еті бал,
Сарыала қазы, жая, жал,
Сапырып қымыз ішкенсің.

Ақ білектің күшімен,
Ақ найзаның ұшымен,
Наркескен қылыш жүзімен,
Қан қатқан жасыл жүзінен,
Он сан қара қалмақтың
(Бермегі бар алмақтың!)
Жерін тегін алдым деп,

Ойламай ақыл пішкенсің.
Сауытты ерің зерігіп,

Сері бойдағың ерігіп,
Маңғаз байың балпандап,
Мақтанғөйің талтандап,
Жас өспірім жар таңдап,
Бәйбішелер былқылдап,
Ақпейіл шалдар аңқылдап,
Ақкөңілдер жарқылдап,
Бойжеткенің бұралып,
Таналары жалтылдап,
Кербездерің керіліп,
Басуға аяқ ерініп,
Шешенің судай төгіліп,
Тыңдаушың бордай егіліп,
Өз-өзіңнен іскенсің.

Күнбатысқа көз салмай,
Күншығысты еске алмай,
Бізді алатын жау жоқ деп,
Бізден мықты дәу жоқ деп,
Алды-артыңды байқамай,

Маған не бар дескенсің.

Болашақты болжамай,
Жол сауданы олжалай,
Ақбөкендей алданып,
Жылқыдай делбе сандалып,
Ортасына кәпірдің

Аңдамай келіп түскенсің.

5

Орыстың заңын қуаттап,
Жол ашып елді суаттап,
Баладай алдап уатпақ —
Би дегенің би емес,

Ел алдағыш мекері.

Шен-шекпенге құмартқан,
Қанталап көзі мұнартқан,
Саудалап елін тиынға,
Құмартып патша сыйына —
Бек дегенің бек емес,

Хап жалшысы, пөкері.

*Ақ патша тайып сертінен,
Кенет келіп мертіне,
Ел зердесі ұласып
Дерт үстіне дертінен,
Кұтылмай елі қамалар
Батыстың салған өртінен,
Елге салар салмақты,
Малыңды салып талауға,
Адамың қатты саналды.
Оразаң түсіп қалауға,
Бірден алар салт атты.*

6

*Шен-шекпенге сатылып,
Батпаққа елін батырып,
Дұшпанына оқ салып,
Еліне қарай атылып,
Біздің естімін деген жақсылар,
Ақыл-ойға тапшылар*

*Заңын білмей, алдатты.
Сырғалыңды күң қылып,
Солқылдақты жүн қылып,
Күніңді түман түн қылып,
Қыл мойынға тақалтып,
Шабақтай жемге қақалтып,
Көмейіңде салар қармақты.*

*Шарапты балдай татқаның —
Күнәға белден батқаның.*

*Отыз үш мың сахаба,
Тоқсан тоғыз машайық,
Ұмыттың мүлде әруақты.*

*Жаяулатып тиіп табаның,
Титықтап құрып амалың,
Көшке ере алмай шабаның,
Мал-мүлкіңнен айырылып,
Ауа көшіп барасың*

*Алдыңдағы Тәшкенге.
Алшы оразаң жиылып,*

Қоңыздай боққа үңіліп,
Қасиетің сұйылып,
Шарапты балдай ішуші ең
Әншейін-ақ әсемге.
Бұл жеріңнен кеткен соң,
Әсемің кетіп бойыңнан,
Мұнда көрген қызығың
Сонда кетпес ойыңнан.
Сырт айналған ақылы,
Айырылып қора қойыңнан,
Жыныңды сонда төгерсің
Жеріңізде тойынған,
Ұлы дүбірлі осыңнан,
Торқалы топта тойыңнан
Күрсінерсің қайғырып!
Маңдайың күнге күйген соң,
Табаның жерге тиген соң,
Оқ тиген ұзақ көзденіп
Ұшырап күйге кезбелік —
Қанатыңнан қайырылып.

7

Егін себер жерді алып,
Бұрынғысы өтірік,
Шыныменен енді алып,
Кетірер кәпір сиқынды.
Орыс деген атынан,
Теріс жазған хатынан
Әуелі құдай біледі
Шығыс, Батыс кәпірді;
Бірігіп атқа мінеді,
Байтақта жатқан қайран ел,
Астын-үстін бөледі,
Ашар шайдай үйқыңды.
Қабағың қарс жабылып,
Қарс ұрып қайғырып,
Күле алмассың, қазағым,
Бейпіл тыныш күлкіңді.
Жібек жалын жайнатып,

Ортекедей ойнатып,
Қабырғанды сөгілтіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Әлі-ақ шауып алады
Түйең менен жылқыңды.

8

Есерсоқ өңшең мастары,
Бозақор ойсыз жастары,
Алжыды деп Дулатты,
Келеке етіп күлерсің.
Менің айтқан бұл сөзім,
Саналы болса ой көзің,
Өлең емес, жыр емес,
Құнсыз сөздің бірі емес,
Басыңа түссе, білерсің.
*Асау тайдай үйретіп,
Шәркейіңді сүйретіп,
Ат айдап мініп ағашты,
Табаныңнан таусылып
Қарағай тартып жүрерсің.*

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН КӨПІРДІ

Тырнақтай меңі болған соң,
Тарлан тартып оңған соң,
Түгіне кір қонған соң,
Мінсіз, меңсіз, кіршіксіз
Шаңқан болмай, қылаң ба?
Ту ұстап, тұлпар жаратпай,
Алдынан топ таратпай,
Елді аузына қаратпай,
Жай оғындай оқ атпай,
Анадан тудым дегенмен,
Бастамаса ел, ұлан ба?
Ақсақ Темір Көреген —
Азуын айға білеген,
Дұшпанын саздай таптаған,
Досын майдай сақтаған,

Алтын дінгек секілді

Патша өткен Тұранда.
Азғын тартып, сұйылып,
Қасиеті жойылып,
Онан соңғы хан мен бек,
Аталыдан азған тек,

Суалып қалды қараңға.
Елді судай сапырған,
Белшесінен батырған,
Шілдеде мұзды қатырған,
Толыны төгіп-шайқаған

Берілді тізгін лаңға.
Құрт жегендей қуарып,
Қазаның тандыр суалып,
Елдігің кетіп ыдырап,
Бәйгені өсек-сыбыр ап,
Алтын жығаң сөгіліп,
Абыройың төгіліп,
Барыңнан да жақсы еді

Жоқ болғаның мұнан да!
Құзды мекен еткенмен,
Өткелектен өткенмен,
Қарауыл салып үргенмен,
Сақтанса да мергеннен,
Ажалды оқтан құтылмас,

Сақсынғанмен бұлан да.
Екпіні желдей есілген,
Төрт аяғы көсілген,
Ажалдың құрған шебінен,
Аса алмайды шегінен

Қыр тағысы құлан да.
Мекен қып құздың қиясын,
Бұлтқа салған ұясын,
Айнадай көрген аймағын,
Түйінін шешкен айланың,
Жерге қонбай ұша алмас

Көк еркесі қыран да.
Түсі суық, у тілді,
Қарға адым жер боп мұңы,

Үнемдеп жалап топырақ,
Бұта көрсе тоқырап,
Қыс болса қатып сіресіп,
Жаз өмірмен күресіп,
Аяғы жоқ, еңбектеп

Күн көріп жүр жылан да.

Шын тұлпардың тұқымы

Көз танырлық сықылы,

Жарамар жабыдан

Сенімді атқа қосуға,

Тас түссе талай-бағына,

Сырын алған құнан да.

Сендер түгіл, құмырсқа

Ісін қойып дұрысқа,

Илеуін сап жабылып,

Жемін тасып сабылып,

Бір орыннан табылып,

Біріне бірі бағынып,

Береке-бірлік шақырды.

Жорғалап, болдың бөдене —

Бас қоспайсың үмеге,

Бәтуа кетті аузыңнан,

Сөзіңе адам сене ме?

Бытырап, азып-тозған ел

Бөдене емей, немене?

Ортаңа орыс келген соң,

Ел қорғар ерлер өлген соң,

Толыңды, елім, шайқады,

Тұнығыңды сапырды.

Айбынбас онан дұшпаны,

Бейне албасты нұсқалы,

Ел ішінде борандай,

Аяздай болып қысқаны,

Шет жауға қарсы тұра алмай,

Көтінен қорқып пысқаны,

Жатып ішер жалмауыз,

Борсық түмсық, қанды ауыз —

Ұлық қылған, күдай-ай,

Қазақтан шыққан кәпірді!

Шетке қылмай ерлікті,
Ел қорғайтын ер бітті.
Тебінгісін тоздырып,
Құрғатпай тоқым-терлікті,
Қой ұрлыққа мақтанған,
Кептірмей тоқым аттанған,
Ел жиренген ісінен,
Азған елдің ішінен
Қазан бұзар үй тентек —
Көрдік шыққан батырды.

Елді еліртіп азғырған,
Әуесқой қып аздырған,
Жазықсызды жазғырған,
Аузы епті өсекке,
Тұлпар ат беріп есекке,
Ен жатқан елді бүлдірер,
Сөзінен бөле үдете.
«Шешен» де бір дедің-ау
Су жұқпайтын тақырды.

Туралыққа көшпеген,
Өркендеп өніп-өспеген,
Қозы бұты, қой саны,
Сабаздардың ақ қаны,
Момындардың ақ малы
Обал болды деспеген,
Іліп салып езілтіп,
Дау түйінін шешпеген,
Параны жұтқан кесектеп,
Түспей жатып төсектен,
Жезден қарғы тағынған,
Кәпірге дінсіз бағынған —
«Би» деп атау бердік-ау
Үйінді тас молаға!
Елін сатып, шен алған,
Өлекседен жем алған,
Кебеже қарын, кең өңеш,
Өлексе көрсе, үңіген

Күшігеннен кем емес,
Тек дейтұғын тегі жоқ,
Өз еліне ебі жоқ,
Жатқа зерде кегі жоқ —
Азған елге бек болды

Ағынды мырыш, қолаба.
Шенділердің қылығы,
Елге істеген былығы,
Парақор би мен ұлығы —
Ұйықтасам, кіріп түсіме,
Өңімде қуат-күшіме,
Есерлердің ісіне,
Азған елдің ішінде
Дулат сынды сорлыда
Ұйқы, тыныштық бола ма?!

* * *

Асқар таудың сәні жоқ —
Төрт түліктен қонысы,
Басылмайтын сонысы
Көкмайса белі болмаса;

Өзен-судың сәні жоқ —
Өрлей, құлдай қонатын,
Жағасы малға толатын
Аймақты елі болмаса;

* Қопалы жердің сәні жоқ —
Тұңғиық мөлдір иірім,
Көз болжамас қиырын
Айдын көлі болмаса;

Ақ ауылдың сәні жоқ —
Топталып жылқы үйездеп,
Ноқталы құлын күйездеп,
Тартқан желі болмаса;

Шешендіктің сәні жоқ —
Сөзіне сүттей ел ұйып,

Қолтығына ел сыйып,
Басына бақыт қонбаса;

Қайырсыз байдан пайда жоқ —
Нашарға жәрдем бермесе,
Кем-кетігін көрмесе,
Көн болып қатса сіреуі,
Екіге сатса, біреуі
Несиенің өсімі,
Мөлшерлі жоқ кесімі
Үзбей құйса толмаса;

Сұлулықтың сәні жоқ —
Көрсеқызар күлкі ғой,
Шаруа істемей, сылап бой,
Жол саудаға жолдаса;

Би мен бектің сәні жоқ —
Елін қорғай алмаса,
Тура жолға салмаса,
Ыстығына күймесе,
Суығына тоңбаса;

Батырлықтың сәні жоқ —
Түн ұйқысын төрт бөліп,
Елерген тұлпар ерттеліп,
Толғаулы найза қолға алып,
Түйғын құстай қомданып,
Сары садақ асынып,
Егескен жауды қашырып,
Елін қорып жауынан,
Ереулеген егер дауынан
Тұтамдап оқ жонбаса!

Бәрін айт та, бірін айт...
Ұғынар мұны ел қайда?
Елді бастар ер қайда?
Аға сұлтан, абыздар,
Еліңді қамап көрге айда,

Барса келмес жерге айда.
Күш кеткен соң қолыңнан,
Зарлаудан, сарнау не пайда!

ДҮНИЕ — ЖЕМТІК, МЕН — ТӨБЕТ

Сөзім бар да, көзім жоқ,
Көзім бар деп жатпадым:
Би мен бекті жақтадым,
Бай, мырзаны мақтадым.
Бәйбішенің мойнына
Жырдан алқа таққаным.
Өсек болды баққаным —
Момынға құрған қақпаным.
Өсекші — тәңірі дұшпаны,
Күнәмді қалай ақтадым?!
Аз нәрсеге ант ішіп,
Аруақты аттадым.
Қылмыстыны қызықтап,
Маңдайынан сипадым,
Қабағына қақпадым.
Бәріне мен кіріптар,
Қайсысы менің тапқаным?!

Біреудің отын үрледім,
Өз отымды жақпадым,
Сонда дағы оңбадым:
Көн шалбар түспей бұтымнан,
Қыс болса — тапшы қызылдан,
Жаз болса — шала жұтымнан.
Адал сопы мен емес
Пірдің сөзін тұтынған.
Саудагер сарттай қайтты өмір
Құмар ойнап ұтылған.

Мөңіреп жұртқа ой қайтты
Бұзауы өлген сиырдай.
Ләпсі — төбет қабаған:
Жемтік көрсе, тұра ма

Ырылдап, танау жиырмай?!
Өзімнен өзім қызғанып,
Азын-аулақ жиғаным
Өзіме де бұйырмай.

Күнәм — жойқын, тәубем — аз,
Тіршіліктен не таптым?
Дүние — жемтік, мен — төбет,
Соны бақпай, не бақтым?
Ырылдасып әркіммен,
Не қапқыздым, не қаптым...

ЕР ШӨГІП, ЕСЕР ЕРЖЕТТІ

Қылығың жалған туысқан,
Қырт пен мылжың ағайын,
Бәрінен де дауасыз
Өсекті қайтіп бағайын?
Мақтан күйшіл бүркіттей,
Бабын қалай табайын?
Жағымпаз сөз әркімге
Жұмсайтұғын малайым.
Бәрі тегін жер тезек,
Қайсысын таңдап алайын? —
Асыл сөзден бұл кетті.

Келемеж қылып атасын,
Алмай ақыл батасын,
Мойнына алмай қатасын,
Шаруа десе, жирендеп,
Өсек десе, сүйрендеп,
Қымыз аңдып қыдырып,
Бейпіл сөзге сыдырып,
Жалаңдасып ұл кетті.

Ағайын араз мал үшін,
Аңдысып алды абысын,
Жаттай болып танысың,
Қазақтан мүлде түңіліп,

Артына қарап үңіліп,
Қайран талай жыл кетті.

Аңдығаны жілік боп,
Тілегені бүлік боп,
Момынды сорып сүлік боп,
Арам дауға келгенде,
Жел жетпейтін күлік боп,
Қонақасы бермесе,
Ат-шапанға ілік боп,
Параны көздеп би кетті.

Сөзден кетіп бәтуа,
Базынаң жүрмей татуға,
Аңдысып құда сүйекпен,
Көтеріп тастап иекпен,
Қадір, қасиет, сый кетті.

Ескіден қалған бұрынғы
Бәтуалы ырымды,
Адаспастай даңғыл сол —
Қасым салған қасқа жол
Жарға соғып із кетті.

Бермесен, жақын жау болып,
Бермесен, құрған ау болып,
Аяғы пәле, дау болып,
Ұлғайып пәле қау болып,
Татқан дәм мен тұз кетті.

Күзеке байтал кекілді,
Жетекшіл түйе секілді,
Шешесі айтса, кейін деп,
Жеңгесі айтса бейімдеп,
Дамбалын тастап қыз кетті.

Қонысына қона алмай,
Шаруалары оңалмай,
Бай мен кедей аңдысып,

Арасынан жем тауып
Араласқан сан пысык,
Дөң асқан мал табылмай,
Ашылған етек жабылмай,
Біріне-бірі сеніспей,
Бет-бетімен ел кетті.

Дұрыс бастар басшы жоқ,
Әділетке шөлдетті.
Татуға өсек жүргізіп,
Бәленің отын өргізіп,
Қайран заман, аман бол,
Ер шөгіп, есер ержетті.

* * *

Атаны бала алдады,
Шешеге назар салмады,
Теңгерер жақсы қалмады
Қысқа менен ұзынды.

Әбден үміт үзген соң,
Қой зор болып түйеден,
Құлын зор боп биеден,
Сөз оралмай жүйеден,
Бұзақы би боп тізілді.

Лашын өрлеп ұша алмай,
Ер майданға түсе алмай,
Үлкеннің тілін кіші алмай,
Елдегі жақсы бұзылды.

Мәстек озып бәйге алды,
Тайынша бұл боп, тай қалды,
Бағасыз қыран жай қалды,
Достықтың қылы үзілді.

Ителгі туып сұңқардан,
Жабы туып тұлпардан,

Топтан торай бермейтін,
Түн асқан сайын өрлейтін
Төрт аяқтан ақсады
Томаға көзді боз тарлан.
Мойнынан жал кеткен соң,
Қыршаңқы болып қызынды

Қызғыштың даусы көбейді,
Көлден аққу сырылып,
Қайырымы кеткен соң,
Мырзадан қоңсы жырылып,
Елім дер ер қалмады
Артына қарар бұрылып.
Тырнадан би сайладың,
Ашпассың, елім, көзіңді.

Алды-артыңды тұйықтап,
Бесті айғырдай иықтап,
Ұйқыңды шайдай сұйықтап,
Кедергі алды кезіңді.

*Хан тағынан төңкерді
Қасиетті ханыңды,
Қараша күнге теңелді,
Орда шырқы қағынды.
Мойның қалды бұлғақтап,
Екі езуің ыржақтап,
Талқан қылды таңыңды,
Еріншек нардай ер шөкті.
Елбеңдетіп көтердің
Ебелектей езіңді.*

Ішкендей түзсыз атала,
Борбайлары сатала—
Бәрінің іші өтіп жүр,
Қайсыбірін емдерсің?
Ел құлағы саңырау,
Кімге айтамын сөзімді?

* * *

Май, май дейсің, май дейсің,
Май жесем, көңілім жай дейсің,
Майды берген бай дейсің.
Майға тойып алған соң,
Қымыз керек тағы да.
Орынсыз сөз сөйлейсің,
Қымызы барға жағына.

Қымызы бар қылтиса,
Сүмірейіп кетесің,
Ақау түсіп сағыңа.
Қымызы бар хош алса,
Дүрдиесің мінгендей
Қара орын хан тағына.
Қымызға тойып алған соң,
Сөз сөйлейсің қағына.
Қымызы бар құтыртса,
Соқтығасың әркімге,
Қарамай қара, ағына.
Алдыңда не бар — көрмейсің,
Артыңда не бар — білмейсің,
Жарға барып күп дейсің,
Қарамай екі жағына.

Ойлау түгіл, сезбейсің,
Жақсылықтан үркесің,
Жамандықтан безбейсің,
Тауаның жүрсе шағыла.

Қымыз құмар, сөз құмар,
Сор құмар өңшең сорлылар!

БІРЕУГЕ

Өзіңе өзің тұсау сап,
Кедергі жасап бағыңа,
Бар болса қолда айраның,
Ірімшік, күрт, қаймағың,

Қанағағ қылсаң болмай ма,
Көксемей-ақ қымыз, ет.

Ар сатып қымыз ішкенше,
«Келсең, келге» түскенше,
Үлгісіз тымақ пішкенше,
Адам деген атақтан
Садаға болып, аулақ кет!

Ақылменен теңгеріп,
Қайратыңа дем беріп,
Өзінді өзін меңгеріп,
Қайырудағы сұңқардай
Мезгілімен жем беріп,
Қымтып ұста тізгінді:
Анадан да сақ болып,
Тарпаң атқа мінгендей
Алдына бесік өңгеріп,
Мақсатыңа сүйтіп жет.

Тындамасаң сөзімді,
Келеке қылма өзімді.
Мұнар шалса көзіңді,
Маңайыма жолама,
Жанжал танау, талақ бет!

Көргеннің көзі тойғандай,
Топты ортадан ойғандай,
Сәулетіңнің сағымы
Бұтағына шынардың
Күнді әкеп іліп қойғандай.
Сәндісің, жаным, сәндісің,
Сән салмақ сені азапқа.

ЕКІНШІ БІРЕУГЕ

Жау көргенде көздейсің
Ши бұтаның тасасын.
Жау кеткен соң жотада

Кердең-кердең басасың.
Бір күн тойса тамағың,
Тасқын судай тасасың.
Қарның апса бір түске,
Солбырайып солғандай
Ауру айғыр қасасың,
Қаласың сүйтіп мазаққа.

ҮШІНШІ БІРЕУГЕ

Өкпешілін қайтейін,
Тарпаң тайдай қылтындап;
Бәтуасын қайтейін,
Тазы ит қуған қояндай
Қаққанша қабақ бұлтындап;
Келемеж қылып біреуді,
Сыртынан күліп жыртындап;
Бетпе-бет келсе, сөз таппай,
Самайы терлеп мыңқылдап,
Жат жұрт түгіл, әуелі
Қадірі кетті қазаққа.

ТӨРТІНШІ БІРЕУГЕ

Төсекте жатып керіліп,
Түзге отырса ерініп,
Аяғын буған қойға ұсап,
Мойнын ұсынып беріліп,
Қол созбайды азатқа.

ОСЫНДАЙ ЗАМАН КЕЗ БОЛДЫ

I

Ал қарағай сұлу сындардай,
Сымнан тартқан сымбалдай,
Көгерген бүрі қуармай,
Шөлдесе де, суармай,
Бойы сұлу болғанмен,
Көлеңкесі талша жоқ.

II

Арғымақ сұлу сымбатты,
Бағасы оның қымбат-ты,
Жүні жылтыр күлфындай,
Құбылса да бұлғындай,
Сергелдең жорық болғанда,
Шабысы оның тайда жоқ.

III

Жаман болса қатының,
Қонбаса айтқан ақылың,
Үйіңнің іші жау болып,
Отыңның басы дау болып,
Көп көзінше қыжындап,
Оңашада ызындап,
Күрбың келсе, құрысып,
Көрінгенмен ұрыссып,
Қайраумен тілің мұқалып,
Қалың өңің жұқарып,
Үйіңнің іші қоқырап,
Өмірден көңілің тоқырап,
Белдеу жаудан жаман жоқ.

IV

Мінезі теріс тез қатыр,
Лепірме мақтау, «кел, батыр»,
Су жұқпайтын тап-тақыр,
Атты алмалап ел сапыр,
Құрақ ұшып көргенде,
Күңкілдеп сырт бергенде,
Алса — бар, жоқ — бергенге,
Опасыз оңшең шерменде—
Бір қалыпта тұрмайтын
Шалағайда табан жоқ.

V

Үстінен ер түспесе,
Әлінен артық күштесе,
От оттап, су ішпесе,
Иесі жөндеп күтпесе,

Қоңына шыр бітпесе,
Нәсілі тұлпар болса да,
Онан өтер шабан жоқ.

VI

Жаман болса ағайын,
Сөзінде жоқ тағайын,
Көре алмайды, күндейді,
Көтерілсе талайың.
Маңынан елді қашырар
Иттей қауып маңайын,
Оңыңды теріс бағалар,
Сүрініп кетсең, табалар,
Ұшырасаң пәлеге,
Өлексенің қамалар,
Оңалсаң, қайта жағалар —
Ағайын бар демендер,
Әсте менің жауым жоқ.

*Ел тандыры құрыды,
Орыстың түсті құрығы,
Анадан емшек суалды,
Қайғымен елді суарды.
Солқылдаған жастардың
Сүреңі кетіп қуарды,
Серпілуге шама жоқ,
Дәнің кетті, қайран ел,
Қазақ соққан қауын боп.*

VII

Балаусалы, балғынды
Баяғыдай салаң жоқ;
Кең қоныс, еркін өрісті
Баяғыдай далаң жоқ;
Қорғалап өскен қояндай —
Еркімен өскен ерленіп
Ер жүректі балаң жоқ;
Боран соққан қой болдың,
Жел жағында панаң жоқ.

VIII

Елің түсті езгіге,
Жол бермей дұрыс сөздіге,
Көр соқыр бермей тізгінін
Көкірегі көздіге;
Елдің қамын жейтұғын,
Мынауың теріс дейтұғын,
Шетке қарсы тұратын
Ішіңнен шыққан адам жоқ.

IX

Кешегі қайран сәулетің,
Толықсыған дәулетің,
Кең несібе нәубетің,
Береке, бірлік ұйытқылы
Басыңнан кетіп жүйткіді —
Қайта айналып келмейді,
Іздегенмен, саған жоқ.

X

Осындай заман кез болды,
Ер дегенің ез болды,
Қамқа, торғын бөз болды,
Саф алтының жез болды,
Арындаған тұлпарың
Азғындап шабан, шалаң боп.

КӨСІП ТУРАЛЫ

Ұста соққан темірден
Әр түрлі аспап, сайман бар.
Темірсіз теңдік алмайды,
Керектісін сайландар.

Жауға арнап соғылған
Қан ішуге қылыш бар.
Қылыш барда жауыңнан
Құтылуға тыныс бар.

Ақтаруға жер қойнын
Арнап соққан кетпен бар.
Кетпен алып қолына,
Мұратына жеткен бар.

Ағаш кессең, арнаулы
Балта менен ара бар.
Түрлі сайман ағаштан
Балта арқылы таралар.

Тетігін тауып темір соқ,
Қысқаш пенен балға бар.
Өнеріңе үйлесін
Темірсіз болмас, таңдап ал

Бір қылыштан басқасы —
Күн көрудің құралы.
Ағаш кес, мейлі жерді қаз,
Дайын болып тұрады.
Орындалар қылышпен
Хандардың ғана мұраты.

Қылыш алсаң қолыңа
Біреуге зорлық істеуге,
Біреудікін тартып ап,
Өзіндікін күштеуге —
Қайда барсаң, оңбайсың,
Ұшырарсың қарғысқа.
Алдың бар да, артың жоқ,
Шырақ жанбас жарғышқа.

Қылыш алсаң қолыңа,
Қорғау үшін еліңді —
Міндетіңді әліңе арт,
Тәңіріңнен күт өлімді.

Тәуекел деп тасқа түс,
Бекем буып беліңді.

Жүрсен, жолың болады,
Істесең, ісің оңады,
Жолдасың — алғыс сенімді.

ЖАС КЕЗЕҢІ

Он бес деген жас қайда
Жарға ойнаған лақтай?

Қайда кеттің, жиырма жас,
Тастан шыққан бұлақтай?

Жиырма бес бар ма маңайда
Жайқалған жасыл құрақтай?

Отыз, кеттің алыстап,
Толықсыған сынаптай.

Отыз бес, неге келмейсің,
Көп іздетіп жылатпай?

Қырық, астың кезеңнен
Суырған қыннан қынаптай.

Қырық бес, шықтың кезеңге
Маң-маң басып бұла аттай.

Елу, кондың ауыл үй,
Тізгіндеп ұстап құлақты-ай.

Алпыс, келдің арсаңдап,
Нөсер жауған ылаттай.

Жетпіс, қараң көрінді,
Тұрсам-дағы ұнатпай.

Сексеннен алған хабардың
Ызғары тұр шыдатпай.

Көргім келмес тоқсанды,
Келіндерге сынатпай.

Жүз, сірә, мені қоймассың
Қараңғы көрге құлатпай.

ЕСПЕМБЕТ

Дастан

I

Ер Еспембет кешегі
Ерекше ер деседі,
Тіл біткеннің шешені,
Топта бермес есені,
Үлгі айтса — көшелі,
Жауға шапса — көсемі.

II

Бәйбішесі Сыбанның
Жарасқұл деген атадан.
Өзі болған жігіттен
Сұрама кім деп ата-анаң.
Ел тілегін тілеген
Ер азбайды батадан.

Нағашысы Уақта
Ер Қосайдай ер өткен.
Жетім қалып Еспембет,
Қолында соның ержеткен.

Он төрт жасқа келгенде,
Еспембеттей еріңнің
Туған ел ойын тербеткен.
Туған елді көксей ме,
Кежеге туған, кер кеткен.
Еспембеттің шешесі
Ер Қосайға немере.
Қиық жоқ қыздан туғанда,
Оны бөтен көре ме!

Тоқсан жаста Ер Қосай
Тұғырдан әбден түскен ер;
Елім десе елеріп,
Жаннан мүлде күскен кер;
Бел шешпей жортып ел үшін,

Алты малта ас қылып,
Арпа суын ішкен ер.

Еспембеттей ұрпағын
Өте жақсы көретін,
Маңдайынан иіскеп,
Батасын ұдай беретін.

III

Жатса-тұрса, Еспембет
Тұлпар мінсем деуші еді,
Қару, сайман асынып,
Шепті бұзсам деуші еді.

.....
Ішкүса болып асығып,
Туған елін ойласа,
Қалатын жасып, басылып.

Күндерде бір күн Еспембет
Желінің келді басына,
Бие ағытып жатқанда,
Биешінің қасына:
Ақбөрте құлын ойнап тұр
Аққұлаға асыла.

Еспембетке ұнады
Ақбөртеңің келімі.
Құйрығын шаншып алды да,
Үш айналды желіні.

Селеу жерге бас ұрды
Омырауының желінен.
Құйындатып келді де,
Ытқып түсті Ақбөрте
Енесінің белінен.

Енесінің белінен
Үш мәрте ытады.
Еспембет ерден ес кетіп,

Есіл-дерті болып Ақбөрте,
Басқаны мүлде ұмытады.

Күзді күнгі ұзақ таң
Еспембет кірпік қақпайды.
Күндіз ойнап-күлмейді,
Ішкен асы батпайды.
Өзіл айтқан құрбыға
Түнеріп, жауап қатпайды.
Күнде қайрап қылышын,
Сүңгісін безеп, саптайды.

Ертеменен отырап
Желінің келіп басына,
Көзін алмай қадалап,
Ақбөртеңің қасына.

Ақбөрте мініп астына,
Айқара тоқым салсам деп;
Алмас қылыш асынып,
Ақ найза қолға алсам деп;

Тоғыз түрлі топшығы
Жеңсіз берен кисем деп;
Сар садақ іліп беліме,
Айғайлап жауға тисем деп;

Бәрін айт та, бірін айт,
Туған елге кетсем деп;
Өнерім болса, еліме
Адал еңбек етсем деп;
Болмаса өнер бойымда,
Қораш құл боп өтсем деп.

Жегідей ерді ой жеңіп,
Түн асқан сайын жүдетті.
Қайраты қайрап қажырын,
Жүдеген сайын үдетті.

Ұйқысыз ұзақ түн өтті,
Күлкісіз талай күн өтті,
Ақырында айтқандай
Арманына ер жетті.

Айыл-тұрман тағынып,
Туған елін сағынып,
Ақбөрте түр желіде
Артқы аяғын қағынып.

Ер Қосайдай қарт білді
Шөбересі жүргенін
Әлденеге қамығып,
Шақырып қарт алды да,
Сөз сөйлейді ағылып:

— Шөберем, неге мұңайдың?
Көп шөбере ішінде
Ерекше тілеп тілеуің,
Құдайға күнде жылаймын.
Өңімде емес, түсімде
Көрсеткені құдайдың.
Сөз сөйлер деп тілеуші ем
Шаршы топта, алдында
Ығай менен сығайдың!
Шепті бұзар деуші едім,
Жаудың туын құлатып;
Сұлу сүйер деуші едім,
Елден таңдап ұнатып;
Тұлпар мінер деуші едім,
Жалын желмен сылатып;
Найза ұстар деуші едім,
Сағағын жезбен қынатып;
Жеңсіз берен түймелеп,
Кіреуке киер деуші едім;
Жас шыбықтай бүгілтіп,
Садақ иер деуші едім;
Айдыннан қуды ілдіріп,
Сұңқар шүйер деуші едім;

Түйғын құстай алыстан
Тоят тілер деуші едім;
Бунағы алтын беліне
Семсер ілер деуші едім!

Сырынды айт маған, шөберем,
Сұлу сүйгің келе ме?
Сұңқар шүйгің келе ме?
Айдынды ала ту алып,
Жауға тигің келе ме?
Асусыз асқар асқақтан
Аңыратып асқың келе ме?
Менменсінген дұшпанның
Көңілін басқың келе ме?
Майданда шаңды боратып,
Өрттен шыққан ұшқындай
Оқты шашқың келе ме?
Туған елді сағынып,
«Жүрмін, — деп, — мұнда неғылы
Өкпелеген көтенге
Құлдарша қашқың келе ме?!»

Сонда Еспембет сөйлейді:
— Сен — атам, мен — шөберем,
Алдымда талай асу бар,
Бакыт па, сор ма, не көрем?

Еркін өсіп ержеткен
Ерекше туған көбеңмін.
Ен дәулеттің ішінде
Еркін жүріп тел емдім.
«Ер — туыс, ит — тамаққа»
Деген жоқ па бұрынғы?
Туған ел, туған жерім бар,
Сөйлесем, айтам сырымды.
Туған елді көкседім,
Жат елде арман өскенім.
Лайық па, жан ата,
Іргелі елім тұрғанда,

Жат елде өмір кешкенім?
Көзіме емес, сыртымнан
Сан есітті құлағым
«Сыбан бала» дескенін.

Жігерім болса жетемде,
Еліме барып ұл болсам.
Жігерсіз болсам жетесіз,
Қойын бағып құл болсам.
Жат елде жүдеп жүргенше,
Жалтаң көз боп, тірі боп,
Кім ермейді соңымнан,
Көрнекке шықсам ірі боп.

Кесілер жетті мезгілі
Жетімдіктің арқаны.
Ел мен жерді ойласам,
Шерім үстеп артады.
Туған ел, туған жерімнің
Бұйдалы тайлақ секілді
Дәм мен тұзы тартады.
Батаңды бер, жан ата,
Шөберен сырын сарқады.
Егер бата бермесен,
Шөберен шердің құлы боп,
Күн санап дерті артады! —

Дегенде қолын жаяды
«Илаһи» деп атасы.
Ықыласпен берген соң,
Қабыл болды батасы.

— Бірақ, балам, айтайын:
Еліңе де барарсың,
Тірі болсаң, еліңнің
Керегіне жарарсың,
Дос та елден, жау да елден,
Алды-артыңа қарарсың.
Күнdestік те еліңнен,

Міндестік те еліңнен,
Қамалау да еліңнен,
Табалау да еліңнен,
Өсіру де еліңнен,
Кешіру де еліңнен,
Абалау да еліңнен,
Бақыт та елден қонады,
Дәулет те елден болады,
Елменен ер ержетіп,
Емендей өсіп толады.

Елсізде өскен демесін,
Елден таңдап сұлу ал.
Ақ отау тігіп басыңа,
Төрт түлік малдан еншіңді ал.
Топтан таңдап тұлпар мін,
Күлтелі күйрық, сұйық жал.

«Жолын қыл, — деп, — баламның»,
Қарт атаң жасын төкпей ме?
Қарт тілеуі қабыл боп,
Қанына ұрық екпей ме?
Сопайып барсаң қу басың,
Ақтамберді, Қабанбай
Өкпелеп, мені сөкпей ме?

— Қаламаймын, жан ата,
Сұлуды да, малды да.
Мандайыма жазған бар,
Бақытым менің алдымда.
Тірі болсам, айдармын
Әлі-ақ мың мен санды да,
Тірі болсам, құшармын
Аққудайын таранған,
Өкшесіне қаранған
Ай маңдай, аппақ жанды да.
Тірі жүрсем, мінермін
Арқар таң, күпшек санды да.
Барар құс басы ілгері,

Кім шығып кепті алдыма?!
Қалауым сенен, жан ата,
Қаруымды сай алам,
Табыннан таңдап және де
Ат алмаймын, тай алам.

• • •

Ертеңінде ертемен
Қару-сайман сай болды.
Топтан таңдап алғаны
Ақбөртедей тай болды.

— Танылар тұлпар желіден,
Ер танылар бесіктен.
Таңдап алған тайынды
Көрсет, — деді атасы, —
Көлденең тартып есіктен.

Таңдап алған Ақбөрте
Ұнап кетті қартыңа,
Үш мәрте шықты да
Бөртеңіз алды-артына:

— Жарайсың, — деп, — шөб
Батасын берді сарқыла.
(Күншілдер түр күлісіп
Жете алмайтын парқына).

— Шын тілеуім, шөберем,
Сапарыңды оңдасын,
Ғайып ерен қырық шілтен
Әулие жар боп қолдасын!
Танып апсың, қарағым,
Өмірлік Бөртең жолдасың.

IV

Атасына қош айтып,
Еспембет ердің кеткені.
Туған ел, туған жеріне
Өксіп келіп жеткені.

«Елсізден шыққан кісідей
Тайға мініп келді», — деп,
«Ұялмай көрді елді», — деп,
«Ұялмай қалай берді», — деп,
Құлағына кірмеді
Ағайынның сөккені.
Мұны айтқанның бәріне —
Жасы менен кәріге
Ішінен жиды өкпені.

Құрмет алмай, кем тұтты
Ағайын-туған, жақындар,
Он қайырып бір сөзін,
Әсіресе қатындар.

Туыс қадірін білмейтін
Жақында да жақын бар.
Туыстай тілер бағынды
Жақыннан артық жатың бар.

Үш жыл болды келгелі,
Ақбөрте бесті шығады.
Ерен ер мен тұлпарды
Кім жасырып, тығады.

Сәтімқұл биге ас берді
Көксаланың бойында.
Ақбөртеңі сол асқа
Қосам деген ойында.

Сауын айтып жиылған
Төрт арыстың баласы.
Бақанас пен Көксала
Халыққа толды арасы.

Ас шығынын көтерді
Құлманбет пен Жанғұлы.
Асты билеп меңгерген
Екі елдің жүйрік даңғылы.

(Қозы орнына тай сойып,
Асықтай атты жамбыны).

Дариға, онда қазағың
Бұзылмаған қаймағы.
Тасы өрге домалап,
Өзі келген қайдағы.

Қара қазық басына
Қарақшы туын байлады.
Кіренші шығып әр топтан,
Шығарып атты айдады.

Бас бөйгесі — жүз тайлақ
Солқылдаған өркеші.
Маңдай алды келеді
Еспембеттің Бөртесі.

Шақырып алып Еспембет
Ақтамберді қолбасын,
Бес Сыбанның ұлына
Ортаға салды олжасын.

Жүз тайлақтан есептеп
Біреуін де алмады.
«Ердің сыйы» деседі
Ортаға олжа салғаны.
(Бір шағым от барлығын
Елі сонда аңдады).

Еспембеттен Бөртенің
Бұрын шықты атағы.
Ақбөртеге қызығып,
Біреу қойын қосақтап,
Біреу қысырақ матады.

Жан серігі Бөртені
Дүниеге неге сатады?!
Тірі болса Еспембет,

Алыстан тілеп тоятты,
Түзден дәмді татады.

Ерге күрең ел қайда
Наймандай жайған қанатын —
Тарбағатай, Алатау
Екі таудың бөктерін
Қанатын жайып алатын?
Ауызбен айтып жеткізбес
Сәні менен санатын;
Тұнық көлдей толқыған
Тоқсан мың жүзіп қанатын;
Ол шеті, бұл шетіне
Тұяқ тозып ат жүрсе,
Құс қанаты талатын.

Найманның ту басшысы
Байжігіт ер Қабанбай,
Беті қайтпай жасынан
Талай бұзған қамалды-ай.
Қабанбайдың тұсында
Түгендеусіз жылқысы,
Қосақтап қойы саналмай.

Қарт батыры Сыбанның
Ақтамберді, Саббастай,
Айласы мен әдісін
Адам ойлап таппастай;
Алты малта ас қылып,
Белін шешіп жатпастай;
Айбарын оның сұрасаң,
Сырт дұшпаны батпастай;
Беріктігін сұрасаң,
Елін жауға сатпастай.

Қабанбай елге жар салды
Аттанбаққа қалмаққа,
Өксікті кеткен қалмаққа,
Елдің кегін алмаққа.

Қаракерей, Матайдан
Өңшең саңлақ жиылды.
Қаншырдай қатып тұлпарлар,
Ерлер тастай түйінді.

Ер жүректі Еспембет
Ақбөртені баптады,
Сары ырғай садаққа
Терісінен бұғының
Адырнаны таққаны.

Алмас қылыш асынып,
Еменге найза саптады.
Басталар қашан соғыс деп,
Асығып, тыным таппады.

Белін шешіп жатпады,
Түнде кірпік қақпады.
Ерлік қысқан кеудеге
Ішкен асы батпады.

Қамын жеген қазақтың
Батырдың сарқыт ақыры —
Туын тікті Сыбанның
Ақтамберді батыры.
Ауылдан шығып ат қойып,
Аруақтап ұран шақырды.

Жөңкерілген қалың қол
Жүйткіген желге ұқсайды;
Көрінісі кей кезде
Толқыған көлге ұқсайды;
Мұнар түнеп, бұлт көшкен
Асқар белге ұқсайды;
Кенетінен ду етсе,
Тас қопарып, тау бұзған
Аққан селге ұқсайды.

Ақтамберді, Қабанбай —
Алдындағы көсемі.

Келелі сөзге Сасан бар —
Жібермейтін есені.

Еспембеттей ер жүрек
Қолмен бірге келеді.
Топ «шу!» десе, Ақбөрте
Артынан шаңды боратып,
Алдынан құйын оратып,
Бөкендей орғып желеді.

Еспембет ер сұңқардай
Алыстан тоят тіледі.
Орынсыз сөз сөйлемес
Батагөй қарттай сінелі,
Міндетінен бас тартпас,
Айтқызбай-ақ біледі.
Сыр бермейді сырттансып,
Кежегесі тартып түр
Бейне арыстан түлегі.

Толқынды топ кездесті
Шебін құрған қалмаққа.
Тebінгілес тең жауды
Тегіндікпен алмақ па?!
Айла-әдісі тең жауы,
Бір салыспай қалмақ па?!

Бозаша бойын түзесе,
Буыршын шөгер шаңдаққа;
Қарт бура қарсы шабынса,
Қас батыр қару тағынса,
Әкпіш те тұлпар иілсе,
Қыран көктен түйілсе,
Анталаған аштардай
Ажал да жетер аңдап та;
Серт қылыштың жүзінде,
Бұрылмас мойын жан-жаққа;
Серт найзаның ұшында,
Айласын тап, алдатпа!

Айласынан адассан,
Қан майданда қала бер
Қаныңды жұтып, шаң қап та.

Қарсыласып екі топ,
Іріктеді батырды.
Қалмақ соғып дабылды,
Қазақ ұран шақырды.

Айбаты өсіп ерлердің,
Арыстандай ақырды.
Иығы түсіп ездердің,
Қоярға жанын жер таппай,
Арман көріп, аһ ұрды.

Қалмақ шықты майданға
Шамасы елу жастағы,
Астына мініп әлемдеп
Мақпалдай қара қасқаны.

Ерлігі елең қылмайды
Бір өзінен басқаны.
Қайырымсыздығы талайдың
Жонынан алған таспаны.

Кір басқан құлаш айдары,
Аждаһадан кем емес
Аузын ашқан айбары.
Алты жүз кірген соғысқа,
Алпыс алты айлалы.
Алты қару асынған —
Айласының айғағы.
Жекпе-жекте өлтірді
Жүрелете сегізді.
Қазақты қамап қамалға,
«Кім шығар бұған?» дегізді.

Тоғызыншы ер шықпақ
Ақтамберді, Саббастай,

Ол болмаса әдісін
Басқа қазақ таппастай.

Жетіп келіп Еспембет:
— Ақтамберді ер, — деді, —
Мен барамын сіз үшін,
Кезегіңді бер, — деді. —
Жас санама, бас сана,
Қайратымды көр, — деді.
Ақтамберді қарт батыр
Қол жайып бата бергені.

Топтан шығып жөнелді
Найзаға таққан шоқтай боп;
Ақбөрте кетті құнтиып
Садақтан тартқан оқтай боп;
Қанға сусап қалмақ түр
Обатұғын оптай боп.

Еспембет келе сөйледі,
Ерлікке сай қайраты,
Қаруға сай амалы:
«Сен — қалмақтың қабаны.
Қарсыңа қалай жіберді
Қазақ саған баланы?
Қазақ сені қорлады,
Баладан төмен санады.
Жігерің болса, қайраттан,
Баланы саған балады.
Ағаштан жұлып алмадай
Басыңды бала алады».

Ашуланып, қалмақтың
Түгі шықты сыртына.
Тістегенде тісінің
Қаны толды ұртына.
Көз шыдап қарап тұрмастай
Қарағанда сұрқына.

Қамшы тиді тұлпарға,
Қылыштары жарқ етті.
Қабағыңды қаққанша,
Жарқ етті де, сарт етті.
Бірінің жанды еңбегі,
Бірі күшін сарт етті.
Дене қанға боялды,
Қанқұмар қылыш қарш етті.

Қас қаққанша майданда
Айқасқан екі ер де жоқ,
Қара жер жатыр қайыспас,
Жүтса, тоймас қанға оп.

Дене жатыр майданда
Қылышпен басы кесілген.
Өлімге мойынсұнғандай,
Аяқ-қолы көсілген.
Тіршілік пен өлімнің
Ұзақ дауы шешілген.

Елеуреген екі топ
Майданға тіккен көздерін,
Жүз қайтара қайталап
Бір айтып кеткен сөздерін.
Қандары шапшып қайнады,
Өздері де білмейді
Не билеп тұр өздерін.

Ел үшін туған ерім деп,
Бір топ келіп жыласты.
Еліме қатер жауым деп,
Өлгенін бір топ ұнасты.

Күні туып бір топтың,
Қуанышы шың асты;
Түні туып бір топтың,
Үстінен кейіс, мұң басты.

Қарақасқа қосарда,
Қалмақтың басы белінде,
Бақ құсы қонып басына,
Еспембет келді еліне.

Ер Қабанбай ту байлап,
Арқар таң атты борбайлап,
Ақтамберді айғайлап,
Қалмаққа кірді желіге.

Қарқ олжаға батысты,
Қалмақты жеңіп қалың қол.
Ит ырғын да көл-көсір,
Бақыршы тоқ, олжа мол.

Еспембеттей ер ұлын
Елі сонда таныған.
Бет бұрып тізгін тартқан жоқ
Жаудың мың мен санынан.

Өле-өлгенше ел болды
Еспембеттің арманы.
Өзімен бірге жасады
Астындағы тарланы.

Бәрін айт та, бірін айт,
Еспембеттей ер қайда?
Еспембеттей ер туса,
Ер күтетін ел қайда?

ШАШТАРАЗ

Дастан

Елін баққан ер болмақ,
Жауын болжап, жер шолмақ.
Аузын баққан би болмақ,
Алыстан шолып, кең толғап.
Зейнеті көп, пайдасы аз,

Айта берсең — бәрі сөз.
Құлақта қақас қоспа көп,
Дәл сөйленбес көрмей көз.
Сөз қоспай дәл айтпасаң,
Естіме, көрме, сөзден без.
Аузыңа ие болмасаң,
Бәле үйір, жалакез.
Аузыңнан шықса, жел естіп,
Жер түбіне жетер тез.

Таққа мінген бір патша
Дәл он жеті жасында.
Тітіреткен қаһары
Досы менен қасын да,
Қаһары келген шағында
Домалатқан тасын да.
Қос мүйізі патшаның
Болады екен басында.

Жан қарамай бетіне,
Ақау түспей сағына,
Әмірі жүрген патшаның
Төрт құбыла жағына.
Күннен-күнге өрледі
Шыққан күндей бағы да.

Мүйізін біреу көрсе егер,
Патшаның бағы таймақшы,
Халыққа сырын таратып,
Көруші болса айғақшы.

Тірі жанға көрсетпей,
Басынан тәжін шешпеді.
Сөлекет болды патшаға
Орасан шашы өскені.
Оңашада өзінің
Ұнамсыз болды көзіне
Айнаға қарап кескіні.

Сол шаһарда бар еді
Мақтаулы шаштаразы,
Әдеттенген өнері
Күн көрістің қаразы.
Кеткен емес алдынан
Кім де кім болып наразы.

Мақтаны асып басынан,
Ол дағы адам талғайтын,
Бай-патша, байлар болмаса,
Басқаның шашын алмайтын.

Шақырып алып шеберді,
Патша бір күн алдында
Барлық сырын сөйледі,
Оңаша үйге алды да:

— Басыңа жақсы үй берем,
Салтанатты бақшалы.
Қазынадан да алып тұр
Қанша керек ақшаны.

Дүнияда не қажет,
Керегіңнің бәрін ал —
Қызметкер — күң мен күл,
Өлі жиһаз, тірі мал.
Алғыр құс, атқыш мерген бар,
Саяхаттап сайран сал.
Ұнатып елден сұлу сүй,
Лебізі төтті, шәрбәт-бал.
Бірақ саған үш түрлі
Қоятұғын шартым бар:

Бірінші, менен басқаның
Әсте де шашын алмайсың,
Аламын деп, жазаға
Кіріптар болып қалмайсың.
Екінші шартым — аузыңнан
Берген серттен танбайсың!

Үшінші, шашты алғанда
Не көрсең де басымнан,
Тірі жанға айтпайсың —
Белгім бар біткен жасымнан.

Сайран салып жүре бер,
Уақытылы алып шашымды!
Егер біреу естісе,
Аламын сенің басыңды!

Шашын алды патшаның,
Ауызынан серт болды.
Кеудесін кернеп шебердің,
Көрген мүйізі дерт болды.

Көкейінен кетпеді
Қос мүйіздің бейнесі.
Өзіне-өзі күбірлер,
Ауысқан жандай кейде есі.

Құрбы, құрдас, танысқа
Айтқысы келіп құмартып,
Кеудесі толып шебердің,
Екі көзі мұнартып,
Уақиғаны айтпауға
Бір күннің өзі мұң болды.
Қаға алмады кірпігін,
Қас қарайды, түн болды.

Ұзақ таңға дөңбекшіп,
Төсегінде жата алмай,
Айтпауына — толып кеудесі,
Айтайын десе — бата алмай.
Таңға жақын шыдамай,
Шаһардан шығып жөнелді.
«Кеше күндіз патшаның
Шашын алып бердім, — деп, —
Қасиетті басынан
Қос мүйізін көрдім», — деп,

Өзінен-өзі күбірлеп,
Шаштаразы кенелді.

Мақтанған құл көп адам,
Тәңірі сілеп атқан ғой,
Жай сөз емес, кеудесін
Кернеген оның мақтан ғой,
Мақтан деген — алтын ер
Арқасына талайдың
Аяңшыл қылып батқан ғой!

Өзеннің келді бойына,
Таң сарғайып атады,
Жағадағы шұңқырға
Етпеттеп келіп жатады.

«Кеше күндіз патшаның
Шашын алып бердім, — деп, —
Қасиетті басынан
Қос мүйізін көрдім», — деп,
Жерге төсеп ауызын,
Өзінен-өзі күбірлеп,
Мақтан тойын тойлайды
Кеудесінде дүбірлеп.

Мың қайтара айтқанда
Ортайды кеуде толғаны.
Сілесі қатып ұйықтады,
Естіген адам болмады.

Ояна келіп, орнынан
Шошынғандай тұрды атып.
Шәһەرге қайтып жөнелді,
Қалған екен күн батып.

Ауыр жүгі жеңіліп,
Кеудесі қалды басылып,
«Құтылдым» деп бөледен,
Шырақтай көзі ашылып.

Аузынан шыққан лебізі
Топыраққа сіңеді,
Топыраққа сіңген сөз
Жеті жылдай түнеді.
Шаштаразы жеті жыл
Сауық-сайран салғаны.
Есінде жоқ сөзінің
Жерге сіңіп қалғаны.

Тәубесі кеміп, күнәсі
Құмырсқадай аңдады.
Тәңірін де ұмытып,
Таңдаудан таңдау таңдады.

Жетінші жыл болғанда,
Өзен қатты тасыды.
Су тасыса — көпке ырыс,
Шөп шықса — малың нәсібі.

Суға толып шұңқырлар,
Ойпаң жерге қақ толды.
Шаштаразы асқан ғой,
Асқанға — тосқан тап болды.

Ойылған әлгі шұңқырға
Бір топ құрақ шығады.
Лебізі сіңген топырақтан
Айтқан сөзін ұғады.

Сыңғыл менен сыбырға
Сұлу әйел секілді
Өте әуес қой көк құрақ,
«Ән сал», — деп сұлу құраққа
Өтінді келіп жел сұрап.

Бұраң қағып назданып,
Көк құрақ басып иеді.
Жылы леп пен жылмаң жел
Бұраңдатып сүйеді.

Сылдыратып ән салды,
Құрақта ерік қалмады,
Топырақтан есіткен
Үйреншікті ән салғаны:
«Кеше күндіз патшаның
Шашын алып бердім, — деп, —
Қасиетті басынан
Қос мүйізін көрдім» — деп.

Жел естіді, желпінді,
Дүниеге хабар таралды.
Жел айтқанды ел айтып,
Патшаға хабар барады.
Қамыс айтты — жел айтты,
Желден естіп — ел айтты.
Ел айтқанда — шын айтты.
Көрген сол — шаштаразы,
Онан басқа кім айтты?!

Қайсысының болса да,
Тексерді, сыры ашылды.
Шаштаразы мойындап,
Дарға басы асылды...

. . .

Адамның жүрек — сенімді
Сыр сақтайтын тұрағы.
Сүйіп алған сұлу жар —
Жүрегіңнің құрағы.

Құмарлық — тасқын, мақтан — жел,
Өсек — отың ұшқыны.
Өректісі өртейді
Шілде түгіл, қыс күні.

Әлде құрақ дегені —
Сүйіп алған жар ма екен?!
Сүйгеннің сырын шашатын
Сұлу жар, сірә, бар ма екен?!

Жел емес сырын таратқан,
Әлде өсек пен мақтаны?
Құрақ болсын, жар болсын,
Бәрі өзінің тапқаны.

ТЫМСАЛ ӨЛЕҢ

Дулат Аққожа бидің бір баласының үйіне келсе, қатыны кербез адам екен. Дулатты менсінбей, жөнді қонақасы бермейді. Таңертең бір сері аңшы келсе, келіншек құрмет алып күте бастайды. Серімен әзілдесіп отырып, келіншек кекеген үнмен: «Бізді әлде жырау жырына жалау қылып кетер» — дейді. Сонда Дулат:

Айтпасымды айтқыздың,
Аузыңды бақпай, келіншек!
Шаруа десе — шалдуар,
Салақ, олақ, еріншек.
Бой түзеген боркемік,
Күлкігөй, күйшіл, көңілшек!
Қарт басқанның белгісі —
Жексұрын саған көрінсек.
Аларманың алтау-ақ,
Алпысқа болдың берімсек.

Шақырып алып алдына
Ел мақтаған ұстаны:
«Қысқашсыз ұстап темірді,
Балғасыз соқ!» — деп қысқаны.
Ұстаны қысқан падыша,
Айтшы, кімнің дұшпаны?
Құтың болса, құйып ал,
Құтсыз болсаң, төге сал,
Сөйлейін біраз нұсқаны.

Таста отырған байғыздың
Жанына тауыс келеді,
«Неткен құс, — деп менсінбей, —
Бармақтай-ақ денелі?»

Әсем жүнін таранып,
Өн бойына қаранып,
Бастайтұғын наздана,
Үлгілі сөзді келелі:

— Бармақтай-ақ қаралдың,
Қортиып қалай жаралдың,
Түріңнен қалай ұялмай,
Тасқа шығып тарандың?

Сұлулықтан бойыңда
Еншің жоқ алған тарыдай.
Сенен қораш құс бар ма
Денеге қалған жарымай?

Атың кім сенің, жөнің кім?
Тіршілік қалай сақтайсың?
Түспей-ақ көзге онан да,
Ініңде неге жатпайсың?
Өліп неге қалмайсың?
Бәрібір тірі жүргенмен,
Атақ, мақтан таппайсың.

— Менің атым — Байғыз қарт,
Көзге түсер сиқым жоқ,
Орынсыз күлер күлкім жоқ,
Есепсіз ұйықтар ұйқым жоқ.

Көзге қораш бойым бар,
Теңізден терең ойым бар,
Шынардан биік санам бар,
Атан өгіз ағызған
Ақылдан алпыс сабам бар.

Қорған құрыш сөзім бар,
Бұлттан өтіп, мұнарды
Болжайтұғын көзім бар,
Шіркейге жетпес елім бар,
Алтынан ауыр дәнім бар.
Қайратымнан атым зор,

Белгілі атым әлемге.
Қорашсынсаң денемді,
Кеудем — ақыл сарайы,
Кірем десең, кел, міне.

— Ақылды деп естіп ем
Сыртыңнан талай атыңды,
Сүлейменге жеткізген
Айызға айтып датыңды.
Ақылды болсаң, жауап бер
Сұрағыма татымды.

Жан иесін жаратып,
Алла берген ерікті.
Әрбіріне әр түрлі
Көрік, шырай беріпті.
Құстардың, айтшы, қайсысы
Ең сымбатты, көрікті?
(«Сен сұлусың дер-ақ, — деп, —
Мінеки, анық көре-ақ», — деп,
Қанатын көкке сермепті).

— Таңдап тоят тататын,
Талғап жерді жататын,
Қиырдан болжап көретін,
Қызылшылар еретін,
Көз тойғандай сымбаты,
Кір шалған жемді жемейтін
Құстардың мен бекзаты.

— Ай, тауысым, тауысым!
Мақтанның тойын тойлайсың:
Таусылмас мақтан — дария,
Сіміресің, тоймайсың.
Өртенемін демейсің,
Отты ұстап ойнайсың.
Бекзат, сұлу деген не?
Өзің қалай ойлайсың?

(Сонда тауыс таранды,
Жан-жағына қаранды).
— Құлфындайын құлпырған,
Құбылып тұрған жүнім бар,
Молдан ойып алғандай
Мүлтіксіз біткен сыным бар,
Басқа тұрсын, әуелі,
Құс төресі самұрық
Мені көрсе, жымыңдар.
Өзің берші төрелік,
Қай жерімде мінім бар?

(«Сыр-сымбаты дәл келген
Құс жоқ қой мендей көрнекті», —
Деп мақтанып тауыс құс,
Қанатын көкке сермепті).

— Құс бекзаты — лашын
Алыстан тоят тілеген,
Мүзға салып ұясын,
Қаңтарға қарсы түлеген,
Жем жемейтін түн асқан,
Тоятына қаз басқан,
Ерлікке сай сымбаты,
Лашын ғой құстың бекзаты.

— Өзім әлі көзіммен
Көргенім жоқ лашынды.
Көруге бірақ құмармын
Сондай бекзат асылды.
Лашынды көрсем егер де,
Құшағыма алар ем.
Құмарымды тарқатып,
Хош уақыт болып қалар ем! —

Дегенде, байғыз тауысқа
Мысқылдай күліп қарады
(Маңызы бар батпандай,
Бармақтай-ақ қарамы).

— Бекзаттық, сұлулық түгіл,
Айырмайсың, тауысым,
Әуелі ақ пен қараны.
Мақтаныңның әбден-ақ
Ашылыпты араны.
Өзің түгіл, әуелі,
Мақтаныңның шарпуы
Мені шарпып барады.

Сұлулықтың тегін біл,
Сынау үшін сұлуды.
Білем деген айтуға
Бір ауыз сөз жеп-жеңіл,
Біле біл білім білуді.

Сырты сұлу талайдың,
Қайсыбірін қалайын.
Кір жұғады, тозады,
Сұлу деп қалай санайын.

Айырмаң жоқ басқадан,
Сен де соның бірісің.
Сұлу түгіл, дүниенің
Жуып тастар кірісің.

Ал жүнің сенің әдемі-ақ,
Айтшы, неге жарайды?
Алғашқы көрген әуес қып,
Балалар ғана қарайды.

Қуыршақтың үкісі
Басқа іске аспайды.
Бір күн ұстап әуес қып,
Ертеңіне боқтыққа
Апарады, тастайды.

Сұлулық деген жарық қой —
Дүние тозса, сөнбейтін.

Сендей сұлу болмайды
Іске асып, өнім өнбейтін.

Зұлымдықтың иесі,
Бекзада дедің лашынды.
Бекзаданы білер ең,
Қиса келіп басыңды,
Топшыңды түтелеп,
Жұлса төбе шашынды!
Бір көрсем деп құмарттың,
Болар ең көрсең көрместей,
Мақтапыңа семіріп,
Қанатыңды керместей.

Бекзаданың белгісі —
Қиянатқа баспайды,
Өз түгіл, басқаны
Жақсылыққа бастайды.

Жан иесі болған соң,
Жандының оған қаны арам.
Пайдасы көпке тимесе,
Салтанат пен сәні арам.

Лашынның мейірі қанбайды,
Күнінде қан ішпесе —
Алабұртып айналып,
Қамысты көлдің сұқсыры
Уысына түспесе.

Сен — дүниенің кірісің,
Өмірдің лашын — лаңы.
Іске аспаған сұлулық
Лаңменен тынады, —

(Дегенінше болмады,
Лашын көктен түйілді.
«Аңсап едің көруге,
Тартқын, — деді, — сыйынды»).

Байғыз отыр тапжылмай
Келіп қонған тасында.
Бекзада сұлу тойлады
Қанды тойын қасында.

Шеңгелден қан шыпылдап,
Тұмсықтан түбіт бұрқырап,
Шеңгелінде бекзаттың
Сұлу жатыр шырқырап.

Біраздан соң қасында
Лашын кетті, тауыс жоқ.
Қанаты жатыр қалбиып,
Өз қанымен сауыс боп.

Әсем жүні боялды
Өзінің қан-жынымен.
Таңдаулы тәубе тауысты
Жеп-ақ кетті шынымен.

Таңдаулысың, тәуірсің
Сен-дағы керім тауыстай.
Құмарлық — бұлт көшпелі,
Тұра ала ма ауыспай.

Бірақ сені лашынның
Құмартқанын білмессің.
Ілінбей де қалмассың,
Сыбағалы жүлдесің.

Ақылыңа өлшеп бұл сөзді,
Өрістеп ойың толғасын.
Келемеж қылған шалыңыз
Бармақтай байғыз болмасын.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

* * *

Алладан сұрап иманды¹,
Рәжим шайтан лағынды,
Алдайын деп жүр еді
Аңдып жүріп ойынды.
Алла жәрдем бермесе,
Қашпақ ойдан қиынды.
Үмітім бар құдайдан
Сақтай ма деп пәледен,
Ақыр заман баладан,
Залым туған анадан.
Мұны жазған Дулатты
Тастамаңыз дұғадан.

Көкірегінде санасы,
Тар лақатқа кіресі,
Ата-ананың ақылы
Қазылған қара жолмен тең;
Ағайының көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең;
Қарсы келсе кәрілік,
Жайып қойған тормен тең;
Жақсының жары сұм болса,
Қазып қойған қормен тең;
Орнын білмес жаманға
Молдадан сабақ алсаңыз,
Алуа шекер, балмен тең;

¹ Бұл бөлімге «Өсиетнаманың» I нұсқасынан алынған өлеңдер енді.

Пайда жоққа жалынба,
Жемқор семіз малмен тең;
Шежіре туған адамның
Көкірегі сызған хатпен тең;
Парақор болған төрелер
Қуаңнан шыққан өртпен тең;
Жетесі жаман бос бала
Тоқсандағы шалмен тең.

Төре деген халқыңыз
Саудасы біткен сартпен тең;
Айтқан сөзі ақымақтың
Адам ішпес сумен тең;
Кей жаманның тілі бар
Ауырлығы умен тең;
Жақсы жолдас болмаса,
Жары биік таумен тең;
Дәулеті басым байларын
Көкірегі алтын сумен тең;
Қайратты болса ұлығың,
Көлде жүзген қумен тең;
Жақсылардың ақылы
Кәуһар шырақ шаммен тең;
Жақсының көрген жарығы
Анық атқан таңмен тең.

Жамандар сөйлей білмейді,
Жөніне тыныш жүрмейді,
Ұлығыңның алдында
Ажалы жеткен аңмен тең.
Кейбір жақсы хош болса,
Халық сөзін бұзбайды,
Оның өзі, жігіттер,
Қара басы ханмен тең.
Ауылыңда бай болса,
Ішкені қымыз, шәй болса,
Жақсылық көрсең, жараңдар,
Бұлттан шыққан күнмен тең.
Кейбір жаман болады,

Жиылған топты көрмейді,
Оның өзі, жарандар,
Бұғып өскен тазбен тең.
Екі жақсы кез болса,
Шапқан аттай жарасар,
Оның өзі, жігіттер,
Аз болса да, көппен тең.
Екі жаман кез болса,
Құтырған иттей таласар,
Оның өзі, жігіттер,
Бар болса да, жоқпен тең.
Бір үйде өскен балалар
Бірлік қылса азар ма?
Бір-біріне жақсы сөз —
Оның өзі сыймен тең.
Білген кісі азар ма?
Тәубесінен жазар ма?
Білгенін түзу кім етсе,
Қара басы бимен тең.
Аласа мен биіктің
Таразысын кем тартса,
Төрде отырған қазылар
Адам жемес маймен тең.
Ата-анасы бар болса,
Ағайыны көп болса,
Бәрі де тату болғанда,
Қорғаны бар үймен тең.
Халқың тегіс болмаса,
Жақсыны көзге алмаса,
Камзол кисең жараспас,
Қарапайым сөзбен тең.
Бір жаманға сөз айтсаң,
Құлағына кірмейді,
Не айтқанын білмейді,
Қарсы тұрған ормен тең.
Дәулетті болса аймағың,
Бір пәлеге жолықсаң,
Көлденең жатқан алдында
Таудай биік таспен тең.

Нәпсіге ерген молдаңыз
Кітапты жақсы білмейді,
Кітап ұстап айтқан соң,
Жалған сөзі шынмен тең.
Жаман болса тамырың,
Бергеніңе тоймайды,
Сұрағапын қоймайды.

Жақсы қатын алсаңыз,
Ептілігін білдірер,
Ерді өзіне көндірер,
Ұжмақтан шыққан нұрмен тең.
Жаман қатын алсаңыз,
Жамандығын білдіріп,
Ерінің қуатын өлтіріп,
Маңдайға біткен сормен тең.
Ендігінің ұлығы
Ақсап жолдан қалған соң,
Ақыл сұрай кім барсын?
Көшіп кеткен жұртпен тең.
Жаман болса ұлығың,
Аш-арығы оңалмас,
Жұрты бірлік қыла алмас,
Іштен жеген құртпен тең.
Бірлігі бар адамдар
Айтқан сөзге көнеді,
Сабырменен жүреді,
Оның өзі нармен тең.
Молдадан сабақ алыңыз,
Иманды жақсы біліңіз,
Мен есіттім кітаптан,
Ғақыл, иман нұрмен тең.
Жаманға айтқан ақылың,
Кітаптан көрген нақылың
Құлағына кірмейді,
Аса соққан желмен тең.
Өсиетім байларға —
Көп қуанба малдарға,
Кетеріне келгенде,

Киімге жүкқан кірмен тең.
Атадан жаман ұл туса,
Бір де емес, он болса,
Көбі оның не керек?
Он да болса, беспен тең.
Жақсыны жалғыз деменіз,
Ойлап тұрсаң, жарандар,
Бір де болса, онмен тең.

Мал — дүниенің опасы,
Иман — жанның сапасы,
Ауыздағы иманың
Раушан болған нұрмен тең.
Мынау жалған дүние өтер,
Ажал, өмір тез жетер,
Ойлап тұрсаң дүниені,
Бір күн өткен түнмен тең.
Он екі мүшең саудырап,
Екі көзің жаудырап,
Әлі-ақ өтіп кетерміз,
Еріп кеткен тоңмен тең.
Балдан тәтті ғазиз жан
Бір күншілеп қалатын,
Шыбын жанның кетуі —
Ұшып кеткен құспен тең.
Бұл заманның жақсысы
Бірін-бірі көре алмас,
Жұртына пайда қыла алмас,
Бір-біріне жаумен тең.
Жетім менен жесірлер
Бір тыныштық көрместен,
Бұл заманның достары
Бір-біріне өшпен тең.
Қайраты кімнің бар болса,
Қорықпайды жаманнан,
Оның өзі, жігіттер,
Жеке басы көппен тең.
Асылы кімнің жоқ болса,
Қолындағы малына

Ие бола білмейді,
Өлең жасық шөппен тең.
Кей адамның мінезі,
Жақсыны танып біледі,
Оның өзі, жарандар,
Жарлы да болса, баймен тең.
Бай кісінің баласы
Ақылы болса жарайды,
Көңілменен көреді,
Бұлтсыз түнгі аймен тең.
Көп жаманның ішінде,
Бір жақсысы болмаса,
Байқап тұрсаң, ағалар,
Серкесі жоқ қоймен тең.
Жарлылардың баласы
Ақыл-есі болмаса,
Қорбиып тұрған бір байғұс,
Өлі жүнді таймен тең.
Бәйбішенің жақсысы
Аузынан май ағады,
Қарап тұрсаң сабазға,
Былқылдаған маймен тең.
Жүрген жері жақсының
Күнде базар, мереке,
Түніменен қой сойып,
Ат шаптырған тоймен тең.
Алғаның жақсы жолыкса,
Қадіріңді біледі,
Көйлегің таза жүреді,
Қарт болса да, жаспен тең.
Кей жаманға мал бітсе,
Не сөйлерін білмейді,
Сөзге сабақ бермейді,
Шарап ішкен маспен тең.
Жақсылардың баласы
Әрбір істі біледі,
Молдадан сабақ оқиды,
Оң жасында баспен тең.
Бір жаманның баласы

Оқымай-ақ қалады,
Қайырыңды білмесе,
Өзі пайда қылмаса,
Бір ақыл жоқ байғұста,
Жиырмада жаспен тең.
Тапқаныңды жеп қойса,
Туысқаның жатпен тең.
Ақылың кімге жараса,
Туысқаның сол болар.
Аға-ініңнен ол жақсы,
Құшақтасқан доспен тең.
Алғаның жақсы жолықса,
Ол барында қыз неге?
Оның өзі, ағалар,
Халыққа болар қызбен тең.
Алғаның жаман жолықса,
Басыңа салған дау болар,
Жаныңа пайда тигізбес,
Таудан бұлар ауыр тас,
Ғафилаңды киім кигізбес,
Күнде пәле ойлайды,
Ұрыстан шыққан жаумен тең.
Қатын десең үндемес,
Күнде көңілің қалады,
Бір қалған соң еміренбес,
Қаңтарда қатқан мұзбен тең.
Ақылы болса қыз бала,
Анасын тыңдап жүреді,
Оның өзі жеңгетай,
Қыз да болса, ұлмен тең.
Баяпыр болса қатын-қыз,
Ол қыздардан безіңіз,
Оның өзі анадай,
Бәйгіде болған таймен тең.
Жақсыдан алған ақылың,
Пайдасы оның көп болар,
Сатып алған базардан
Қызыл алтын бұлмен тең.
Ұяты жоқ адамға,

Ақылы жоқ наданға
Шынын айтсаң, иланбас,
Өтірік сөзің шың болар.
Жамандар даулы болғаны,
Қане жұрттың оңғаны?
Жақсының тал бойына,
Мұндай істер мінмен тең.
Жарлы да болса кей жақсы,
Жабырқауды білмейді,
Кісі ғайыбын көрмейді,
Қара бұлан нармен тең.

Ай, азамат, тату бол!
Әлі-ақ көзің жойылар,
Мынау жалған дүниенің
Батып кеткен күнмен тең.
Ер қанаты ат болар,
Жаяу адам мәрт болар;
Жүйрік кімде бар болса,
Ұшып жүрген күспен тең.
Пайдасы жоқ дүние
Қай күн өтер біліңіз,
Мың күн көрген ғұмырың
Ұйқыда көрген түспен тең.
Ай, күн өтіп барады,
Адам ғафыл қалады,
Бұл сөзімді тыңдамас,
Бауыры оның таспен тең.
Қияметті ойламас,
Нәсихатты тыңдамас,
Оқып алса керек сөз,
Алдыңда тұрған балмен тең.
Бұл заманғы адамның
Көкірегінде қонақ жоқ,
Әуре демей, не дейміз,
Дүние солай болған соң?
Екі қолын қусырып,
Үлкенге қызмет қылады,
Әдепті демей, не дейміз?

Жақсыдан ақыл білген соң,
Хас мұсылман адамдар
Таң намазын қылады,
Абыз демей, не дейді?
Шалы орнынан тұрған соң,
Бұл заманғы адамды
Жалғаншы демей, не дейміз?
Аузынан шыққан сөзінің
Баяны жоқ болған соң,
Мына жалған дүниені
Бір күнгі демей, не дейміз?
Алдап барып алады,
Сараң демей, не дейміз?
Ғарып пенен қасерге
Қайыры жоқ болған соң?
Ұл атадан ұялмас,
Қыз анадан ұялмас,
Ана қызын тия алмас,
Абыройы жоқ болған соң.
Ер қанаты — жүйрік ат,
Жүйрік демей, не дейміз,
Бәйгеге қосып салғанда,
Озып бәйге алған соң?
Ақылы шолақ адамзат,
Жақсылыққа қылсаңшы?!
Ер сарғайып қартаяр,
Уайым-қайғы көрген соң,
Жамандықты қойсаңшы,
Аямай-ақ жамандық
Қанын төксең болмай ма?
Өзі жаман болған соң,
Үйінде тірі қойғанша,
Өлтіре ұрса болмай ма?
Өз пайдасын білмейді,
Ақылы шолақ болған соң,
Достық қылған жаманға,
Көкірегіне кірмейді,
Жамандығын білер ол
Ахиретке барған соң;

Махшар күні болғанда,
Сауал сұрай келгенде,
Жауап таппай тұрғанда,
Тар лахатқа кірген соң;
Қас жаман сол болар,
Намаздығын білмейді,
Білсе білер өлгенде,
Тәңір алдына барған соң.
Сонда бір қас, дұшпанды
Дұшпан демей, не дейміз?
Жақсы екен деп ойлама,
Хан асылықты қылған соң.
Әрбір ойда жүрер ол,
Жұртқа бүлік салар ол,
Жақсылар жолдан азар ма,
Ниеті жақсы болған соң?
Мақұл сөзін бас көріп,
Тентек сөзін қош көріп,
Жамандармен іс қылып,
Ниеті жаман болған соң.
Өнер алды — қызыл тіл,
Мынау сөзді жақсы біл,
Тілің сөйлей білмейді,
Өнері жоқ болған соң.
Аймағың сенің бір болса,
Ала болып тұрмаса,
Жаманға жұртын білмесе,
Орының мықты болған соң.
Жақсы тілді ділмәрді
Шешен демей, не дейміз,
Кісінің сөзін байқап ол,
Жауап тауып айтқан соң?
Жақсы болған батырды
Батыр демей, не дейміз,
Кіріп жауды алған соң?
Қиын дейді билерге
Шариғатты аударса,
Ғаділ демей, не дейміз,
Төрені дұрыс берген соң?

Жақсы болған қазылар
Қара қылды қақ жарар,
Оларды естен салмаңыз,
Сондай-ақ ғаділ болған соң.
Қорған сап биік қылса,
Көңліменен ел қылса,
Күдай жақсы көрер ме,
Шариғатты бұзған соң,
Имансызға бейіш жоқ,
Имандының көңілі тоқ,
Разы болып құдайға,
Қажылықты қылған соң,
Сол бір жолан жігітті
Жолан демей, не дейміз?
Су тілесе жігіттер,
Сары майды берген соң.
Кейбір жаман білмейді,
Дүниеде құдай мал берді.
Ақ айран ашымайды,
Аузы майға тиген соң.
Көкірегі ашық ақынды
Ақын демей, не дейміз,
Кітап асыл сөзін жатқа алса,
Баласына оның білген соң?
Оқи білген молдалар
Санасын біліп мақтанса,
Бейішке кірген мақтансын
Иманды болып өлген соң.
Күнәдан аузын сақтаса,
Әулие демей, не дейміз,
Жақынына бұрылмай,
Тура сөзін айтқан соң?
Жақсыға өлім сол болар,
Уағдасында тұрмаса,
Жігіт кәміл бітер-ді,
Тәңірім өзі берген соң.
Қиямет күн болғанда,
Таразыны құрғанда
Сонда халің не болар,

Тәңірім қазы болғанда?
Азырақ демің аларсың,
Мұхаммет атты пайғамбар,
Сололлаһи ғалайһи уассәләм
Шарафатын қылған соң
Бұл заманғы билерге
Ахиретте не болар?
Қиын демей, не дейміз,
Шарифатты сатқан соң,
Адамға кеңес не керек?

Бұл сөзімді аңдаса,
Біразырақ сөйледім,
Тәңірім біраз берген соң.
Жақсы болған төрені
Жақсы демей, не дейміз,
Ғаділ демей, не дейміз,
Бәрін бірдей тең көріп,
Жұртын түзеп тұрған соң.
Ғаділетті сол болар,
Сауап ішіп іс қылар,
Қол астында халқының
Бәрін бірдей көрген соң.
Ахиретте сауап жоқ,
Алдап ұрар дүние бөк,
Бай кісіні қадірлеп,
Жарлыны кем көрген соң,
Елде болған иманды
Иман демей, не дейміз?
Жиылған топқа бармасаң,
Ерініп үйде қалған соң,
Жамандар жақсы болар ма?
Тәңірім жолға салмаса,
Жамандардың ғадеті
Өзін ұлық көрген соң,
Рас жаман сол болар,
Өзге адамды қор көрер,
Сонда білер жаманын,
Жан шығара келген соң.

Білгендердің айтқаны
Көкірегіне кірмейді,
Өз пайдасын білмейді,
Сүйегі жаман болған соң.
Сол бір жақсы адамның
Мінер аты болмаса,
Қанатынан айрылған
Бүркіттейін болған соң.
Сыйласпаған ағайын
Қарынменен барабар,
Жер жұтқан соң не пайда,
Артында малы қалған соң?
Кәпірге жолдас болмаңыз,
Дұшпандығын білгізер,
Жаламенен күйгізер,
Діпі басқа болған соң.
Азырақ қатты сөйлесең,
Соңыңнан ол қалмайды
Доңыздайын жорытып,
Атасы басқа болған соң.
Жақсысы кеткен ауылдың
Жөнін адам біле алмас,
Мейман келіп қона алмас,
Қыдыр дәулет кеткен соң.
Жақсының топқа барғанда
Мінер аты жоқ болса,
Тұрымтайдан қорыққан
Бөденедей болған соң.
Арғымақ аттай аңқылдап,
Қыран құстай саңқылдап,
Жыршылар топта сөйлейді
Көкірегі даңғыл болған соң.
Қартайғанда мал кетсе,
Әл-қуаты бітеді,
Басынан дәулет кетеді.
Еркін жүйрік шабады,
Екпіні бар дауылдай,
Тарбағатай тауындай,
Дәулеті үлкен болған соң.

Жақсылардың баласы
Жаман болса, жамандар,
Сақалын жұлып жылайды
Әбден аза болған соң.
Кей жақсының мінезі
Еділ менен Жайықтай,
Ағып кетіп сөйлейді
Тілі жүйрік болған соң.
Қазы сұңқар баршамыз
Дәрияда жүзген қайықтай,
Жақсылар топта сөйлейді,
Рақымы мол болған соң.
Бір томырықтың мінезі
Мұздап тоңған ағаштай,
Ағайынның алыспай,
Сыйласпайтын болған соң.
Бүлікті жұрт болмаса,
Байы жоққа қараспас,
Жатқан рахым не болсын,
Бас-басына би болар.
Жақсы атаның баласы,
Салтанатшы патшадан
Рақымы мол болған соң,
Жүрісі тыныш жорғадай,
Алдына келсең кең болар.
Олар неге тарылсын,
Бейілі кең болған соң?
Жұрт жиылған ортада
Мінезі оның артық-ты,
Оқымалды молдадай
Ұстазы оның болған соң.
Көп жамандар жиылса,
Үйінен енді шыға алмас,
Шуылдаған қарғадай
Көп басшысы кеткен соң.
Ақылы бар жақсылар
Жайын жауға білдірмес,
Бұғы менен маралдай
Сабыр, салмақ болған соң.

Ақылы жоқ жамандар
Жынысы қалың аралдай,
Уақыт кетіп барады
Ақырзаман болған соң.
Елдің іші жақсы емес,
Бұл заманғы жақсылар
Бірін-бірі көре алмас,
Ауылың ала болған соң,
Дұшпаның қайтсін күш алмай
Ылау сұрап, атыңды —
Тартып алып мінімді,
Бірлігің жоқ болған соң.

Ай, зар заман, зар заман!
Зарлап өткен су заман,
Артыңа бір қарап кет,
Жақсылар қалған болған соң;
Сөздің басы бисмилла —
Мұсылманның жарығы,
Төрт аяқты хайуан —
Дәулетің сенің болған соң.
Бағасы кеткен жігіттің
Бетінен алар зайыбы,
Бір Алладан басқаның
Көпті қылған ғайыбы.
Әуелгі бай жоқ болды,
Сондағы жоқтар тоқ болды,
Жөн білмеген жамандар
Ел билеген шақ болды.
Көтере алмас билігін
Асқан үлкен кер болды,
Ниетіне қазақтың
Құрылып қойған тор болды.
Жәй-жәйіне жүрмеген,
Бір-біріне көнбеген,
Мынау өткен сұм дүние
Бір орнында тұрмаған,
Еш жақсылық қылмаған,
Ақырзаман болмаған

Деп ойлайды ақымақтар,
Сол себептен қорқамын.

Замана ақыр болғанда
Алуан-алуан жан шықты,
Хайыры жоқ бай шықты,
Самауыр менен шай шықты,
Сауып ішер сүті жоқ
Ақша деген мал шықты;
Мініп жүрер күші жоқ
Тарантас деген ат шықты.
Ат жекпесең жүрмейді,
Үңірейіп тұрады.
Жарлы, кедей, жоқ, жатау
Қатын күнін көреді!
Абуөлхайыр дос жігіт,
Уағдасына төз жігіт,
Бары болса аямас,
Қолы сондай бос жігіт,
Берем деп уағда қылмайды,
Сонда да қауымды қоймайды,
Қасына келіп ол тұрса,
Қадіріне қимайды.
Мырза деген Ибраһим
Ат берем деп бермеді,
Уағдасына тұрмады,
Сөзін қабыл көрмеді,
Менің айтқан бұл сөзім
Құлағына кірмеді.
Қызметі өткен біздердей
Бұл маңайда бар ма еді?
Иман бір күн өлмей ме?
Кісі хақын білмей ме?
Ақын иман болған соң,
Батыл көзбен көрмей ме?
Жәпекбайдың баласы
Уәде сөзде тұрмады,
Ат берем деп бермеді,
Мені сөзіне алмады.

Тәшмұхаммет баласын,
Тұттым қоян апасын,
Қолым тұтып қоянды,
Үш айналды баласын.
Байекеңнің салалары:
Ахмет, Салих, Құрахмет
Жақсы атаның баласы,
Құдайдан болсын рахмет.
Берем деп уағда қылмайды,
Сонда да құры қалмайды,
Жалғыз басы мың болсын,
Аты өзін тыңдайды.
Қыс көбейді, жаз аз боп,
Мал таусылды, мал аз боп,
Іні ағаға қарамақ,
Атаға бала ара боп
Кете ме деп жолымыз,
Құри ма деп жөніміз,
Замана тарылып барады,
Сол себептен жылаймыз.

Әр нәрсенің болжауы
Келе жатыр жақындап.
Ағашты тауға үй салып,
Еліңді алды ақылап,
Енді еркіне қоймайды
Буыршындай тақымдап.
Тау басында болыс тұр,
Кәпір сөзін мақұлдап.
Бейшараның бұлы жоқ —
Қорыққаннан қақылдап.
«Қарызға кірген жақсылар
Ашылмасын көзің» деп,
Сол себептен қорқамын
Заманақыр болар деп.
Енді мынау сүм заман
Келе жатыр жақындап.
Тез-тез өтіп барады
Жаз бенен қыстың арасы.

Таңда махшар күнінде
Құрылады таразы.
Залымның қылған күнәсі,
Кәлемәйшәһадет
Тәмәм кітап арасы.
Тәубә-тәфиқ келтірмес
Азғын елдің молдасы,
Өзінің айтқан сөзінің
Тіпті болмас расы.
Құрт-құмырсқа жиылып
Көрде алар мазасын.
Бір пара жанды малды ғып,
Бір пара жанды малсыз ғып,
Бір пара жанды дінсіз ғып,
Бір пара жанды дінді ғып,
Бір пара жанды ғалым ғып,
Бір пара жанды залым ғып
Әуелде жан жаратты.
Мұсылманға бір бөлек
Өз-өзіне қаратты,
Кәпірлерді бір бөлек.
Көргенімді айтайын
Жиырма тоғыз фұрқаннан.
Жақсы молда оқиды
Ғарап, фарсы тілінен,
Кітап пенен құранды,
Әр тарихты таратты,
Шариғатын білсін деп,
Мұсылманға қаратты.
Софы аллия кітаптар
Сұрап көрің сорымды.
Кітап сөзін тұтпасақ,
Тәңірім ісі қиын-ды.
Он екі хат шалғыны.
Қияда сұңқар таратты,
Кім мұсылман, кім кәпір
Бір аллаға аян-ды.
Бас бермейін дегенді
Жалғыз жардан құлатты.

Мал бермейін дегеннің
Жалғыз тайын бөрі алды, —
Үстіне шекпен кигізіп,
Ақ таяғын таянтты,
Мойнына қоржын ілгізіп,
Елден тамақ сұратты.
Заман қайтіп түзелсін,
Аға-інісі жат болды,
Бай баласы мінеді
Жазық мойын құр атты,
Жарлы да өліп қалған жоқ,
Бірақ жаяу жүреді.
Оның да көңілін құдайым
Бір нәрсемен жұбатты.
Жалған дүние жалық-ты,
Азғана күн қуатты.
Ажалды тоқыт болса да,
Арын сақтап тұрады,
Ардан кешкен ұятсыз
Ойламайды ұятты.

Зар заманның ақыры
Зарлап өтіп барады.
Осы күнде адамның
Бір парасы қорыңдар,
Еш нәрсе жоқ ойында,
Сондай адам зорсыңдар.
Құдай жоқтар ойында
Ғадет қылар ұрлығын,
Адамға баулар жаласын,
Өнер көріп зорлығын.
Алдағанның несі артық?
Қорықсаңшы Алладан,
Заманақыр болғанда,
Нәфсі жақын баладан.
Тоймай кетсе өкпелеп,
Құда тамыр кетеді.
Аманат кетті баладан,
Қатының түпке жетеді,

Сол себептен қорқамын.
Заманақыр жетеді,
Әсіле ниет қалмады,
Атаға билік тимеді.
Замана жақын болған соң,
Арамзада билік жоқ,
Қай үлкенді сыйлайды?
Елімізде әдеп жоқ.
Заманымыз бұзылды,
Бұрынғыдан заң бөлек.
Ендігінің ақылы —
Отқа түскен көбелек.
Жан есінен адасып,
Ұлықсыған ұл туды.
Жамандық сондай ұласып,
Бұлықсыған қыз туды.
Жарысқа кірген жақсылар
Жақынына тартпайды,
Орысқа тартып сөйлейді,
Енді орысқа қаратты.

Екі тату ағайын
Бір-бірімен алысты,
Ағаш атты тізгіндеп,
Арба міндік күймелі.
Көш көрінісі биелі,
Қыстан шыққан түйелі.
Ақылыңды алып түр
Сары қымыз биелі.
Биге жазған іс болса,
Беті-ауызың күйелі.
Абақты түр қасыңда,
Қазулы тұрған көріндей.
Заманымыз бұзылды
Қияметтің көріндей.
Ойлағаны жамандық,
Жарадан аққан іріндей.
Жамандығы солардың
Өздеріне білінбей.

Сегіз серке терісі
Болады бұтқа шалбарға.
Су түбіне кеткен жұрт
Тал таба алмас қармарға.
Іні ағасын сыйламас,
Ұрып жыртар жағасын.
Арада жаман ұл болса,
Бала қинар атасын,
Алып келер аулына,
Кім аясын, жараңдар,
Қызыққан соң параға
Басың сенің қалды ғой...

...Кешкі мезгіл болғанда,
Қызың киер биқасап,
Бозда жүрген бұландай
Үйде тұрмас ойқтап.
Манағының жігіті
Ағашқа керткен иректей
Бұрынғының қыздары
Қырмызы қызыл жібекте
Ендігінің қыздары
Құрсауы жоқ шелектей.
Ұл сыйламас атасын,
Атасы бермес батасын,
Старшын болыс қояды
Қайдағы асылзадасын.
Өзі қылған өкінбес,
Күнінде содан тартасың.
Сіз біл деген бала жоқ,
Келіні боқтар анасын,
Сіздер деген келін жоқ,
Өз пиғылыңнан табасың
Не айтсаң да болмайды,
Тек күнөға батасың.
Енді айтар сөзім жоқ,
Зар заманның аяғы,
Сөзім қалар, өзім жоқ,
Замана кетті манағы.

Мен айтамын бұл сөзді,
Амалым бар ма, шарам жоқ.
Қайсыбірін айтайын,
Сөзім тәмәм болған жоқ.

Өсиетті мен айттым
Әркім оқып көрсеңіз,
Үмітім бар сіздерден,
Дұға қылып қойсаңыз.
Дұға қылып қойыңыз,
Рахым айтып біздерге,
Баршамызға құдайым,
Иман берсін сіздерге.
Разы қылса дидарын
Ұжмақ деген жерінде,
Нәсіп етсе Тәңірім
Өлтірер сені төрінде.
Және көп сөз бар еді,
Тәмәм болды кітабым,
Татам мумин күнәсін,
Жарылғасын құдайдан.
Бұл өсиетті тұтыңыз,
Жақсы қылып күтіңіз,
һәр уақытта оқытып,
Құлақ, ойыңды тұтыңыз.
Ей, жігіттер, азбассыз,
Менің тілім алсаңыз,
Құдай сақтар пәледен,
Хайыр зекет берсеңіз,
Әуел бастан жазыпты
Бабатайұлы Дулат-ай,
Тәмәм тәмәм болды.

КЕНЕСАРЫ

Өзен ғып өрге ағызды
Жылжыған жылым бұлақты.
Қураған шынар көгеріп,
Қу тұқыл алды қуатты.

Ай маңдайлы арудың
Жұпармен шашын сылатты.
Оңы күн, солы ай болды,
Қара суы май болды.
Бесіктен белі шықпаған
Жасың өсіп бас болды,
Еңкейген кәрі жас болды.
Жетім өсіп теңелді,
Жетісіп жесір кенелді.
Шалшық суы нәл болды,
Құрамалар ел болды;
Мұхитты кезген кемедей
Біраз күн қазақ сайраңдап,
Қанталауда қамалды,
Қалды кеме қайраңдап,
Абылай туы жығылды,
Қабырған, қазақ, сығылды,
Үріккен қойдай біріне
Бірі келіп тығылды.

. . .

Батыстан соқты боран боп,
Шығыстан кеткен ызғырық,
«Е» дерге шамаң қалмады.
Жазықсыз майыр шығарып,
Жау қарасы көрінді,
Қабыңдап басты жерінді,
Кетпенсіз-ақ қаздырды
Өзіңе өз көрінді.
Хан сарқыты — Кене хан
Қан жорық боп қаңғырды.
Ашуменен ырылдап,
Иесін аю алдырды.
Иені алып жау кетті,
Тауға салды салдырды.
Балапан кетті басына,
Тұрымтай кетті тұсына,
Ұясына сұңқардың
Құладың қорлап саңғыды.

Елің қалды қамауда,
Елің қалса қамауда,
Малың кетер талауда,
Басың түсер санауға.
Аруың жүрер азған соң,
Мал орнына қалауға.
Әуелде ажал Алладан,
Тілімді қалай кесерсің,
Айтқаным егер келмесе,
Алжыды Дулат десерсің.

САРЫ ШЫМШЫҚ

Үйренішті әдеті —
Әркімнің ата жолдасы,
Адам деп ат қояйын
Әдетіне болмашы.
Әдеті билеп жетелеп,
Әркімді жүр оңдырмай,
Мойнына әсте алмайды,
Титығып құрып болдырмай.
Жаман әдет қоймайды,
Жарым лашық тіктіріп,
Жар басына қондырмай.

Жауқазын іздеп қаңғырып,
Тұмсығына шаң кіріп,
Таңдайы кеуіп мәңгіріп,
Көлге келді бір шымшық.
Мойнын созып қоңыр қаз,
Жүзіп ішіп үйрек мәз,
Көл қорыған шырылдап
Қызғыштар да емес аз.
Байсалданып, құсыңсып,
Көлді кім онан қориды,
Шымшық құстан қу тұмсық?
Қанып ішіп саптаңды,
Жолдасыңа қайта кеп,
Қоразданып мақтанды,

Әдетін бастап ол жымсық.
«Барсам, көлде дүйім құс
Сақадай болып сайлана,
Акку отыр ортада,
Әмірін шашып жайлана.
Қызғыштар жүр көл қорып,
Шыр көбелек айнала,
Жете алмады бәрі де
Сонда да менің айлама.
Сездірмей соның біріне
Суды ұрлап іштім де,
Кірімді әбден кетіріп,
Шомылдым суға түстім де.
Сол мезгілде, шарықтап
Қаршыға жүрді аспанда,
Қаз қамысқа тығылып,
Аққулар жаман сасқанда,
Суға сүңгіп үйректер,
Көлден бәрі қашқанда,
Мен орнымнан тырп етпей,
Ерлігім соның бәрінен
Ел сүйінді асқанда.
Түсуге маған бата алмай,
Қаршыға жүрді қаңғырып,
Қаршығадан шошынып,
Басқа құс кетті мәңгіріп.
Тез кетпей және күлдім де,
Ішпесін деп басқасы,
Былғап кеттім саңғытып».

«Ерлік ісің бәрінен, —
Деді оған жолдасы, —
Амалын да тапқасын,
Өзім де бұрын білуші ем
Қаршыға саған батпасын.
Ерлігіне ебі сай
Мақтаса, сені мақтасын.
Үйген күлдің түбінде
Балалар құрған тұзақ бар,

Мойнына қылы ілінсе,
Кім де болса тызақтар.
Епті болсаң, алып же,
Айнала шашқан тары бар,
Арпа, бидай аралас
Керегіңнің бәрі бар.
Азапталып жүргенше
Жауқазын қазып күні бойы,
Ерсің әрі ебі бар,
Керегінше же де, той».

«Қорықпаймын тұзақтан,
Әрі епті, әрі ермін» деп,
«Көріп тұр дестім тәңірден
Бұйрықсыз-ақ жермін» деп,
Келісімен тұзаққа
Епті шымшық ілінді,
Бағып жүрген сыртынан
Балаларға білінді.
Балалар келіп шымшықты
Ұстап алды, қуанып,
Өмірі бітті шымшықтың
Тандыр болып суалып.
Көл былғаған шымшықтың
Күшінің к...ті ашылар,
Көп ісінген көпшенің
Шымшықтай көңілі басылар.

ҚАРА ҚАРҒА

Қара қарға жем іздеп,
Кезіп жүріп даланы,
Өліп жатқан үйректің
Етін тауып алады.
Үйрек деген қарғаның
Таппайтұғын жемі еді,
Баласына ұяда
Үйректі алып келеді.
Балапандар көрген соң,

Түс-тұсынан жабылды,
Тұмысында татпаған
Тәтті жем қайдан табылды?
Үрпиісіп балапан,
Барлығы басын құрасты,
«Қайдан алдың жемді?» — деп,
Шешесінен сұрасты.
Сонда қарға қарқылдап
Баласына мақтанды:
«Қорықпай же, балалар,
Қыран шешен тапқан-ды.
Арқасында қайраттың
Шешен алып келген-ақ.
Таңдап жүріп ілгенім
Қамысты терең көлден-ақ».
«Ай, шешеке, білмеймін,
Рас па мұның, тегінде?
Үйрек ілген жоқ еді
Ата-баба тегінде?»
«Балаларым, қорықпа!
Кем дейсің шешен қай құстан?
Туып мықты құс болмас
Шешен сынды байқұстан».
Баласына мақтану,
Ойында жоқ сақтану, —
Жоқ еді жемді тауысқан.
Сыртынан көріп, қасына
Жетіп келді сауысқан.
Келе сала сөйлейді:
«Батыр қарға, бар ма?» — деп.
Қоразданып қарға айтты:
«Естіп білген бар ма?» — деп.
«Естігенім: барып ем,
Бөгде көлде қамысқа,
Сол арада кездестім
Қызғыш, торғай танысқа.
Бүгін алған үйрегің —
Жоғалтыпты қаршыға.
Дүниені шарлап іздеп жүр,

Қырғиды жұмсап шаршыға.
«Кім де болса алғанның,
Сол жерге мойнын қи, — депті, —
Жемді алған ұрыға
Өлімнен тарт сый!» — депті.
Естігенде қарғаның
Зәресі мүлде ұшады,
Қорыққанынан лоқсиды,
Жеген жемін құсады.
Батырсынған қарғамыз
Қолма-қол болды масқара,
Балапан қалды шуылдап,
Қарға іздеді баспана.
Үйректің етін алды да,
Сауысқан кетті жайына,
Пана болмай қарға жүр
Кең таудың сайында;
Сол кеткеннен мол кетті
Қарға артына бұрылмай.
Ұяда қалған балапан
Қайтеді аштан қырылмай?!

Сауысқан көп қазақта
Қорқытып жейтін момынды,
Құбыжық болып көрініп,
Айналдырып тонынды.

БІР ПАТША

Бір патшаның бір кезде
Тасыды бағы тасқындай,
Дәулет пенен қазына
Басып жатқан басқындай.
Маңайынан озса да,
Сонда-дағы тоймайды,
Әлемді түгел алсам деп,
Жатса-тұрса ойлайды.

Қанағат жоқ, тәуба жоқ,
Тәңірге де наразы,

Билесем деген жер жүзін,
Жатса-тұрса қаразы.
Кетпеген соң пәнде тең,
Тәуір болды аразы.
Ертеңгі-кеш тәңірді
Қарғайды да сілейді,
Тілегімді бермеген
Демен деп, сірә, тәңірі
Тілсіз, үнсіз дүлейді.

Аттандырып әскерін,
Көрші елдерін шабады,
Жазығы жоқ, жай жатқан
Талай елді талады.
Тәубәсі кеміп күн санап,
Аса берді кеселі.
Қанша бақыты асқанмен,
Көңілі судай тасқанмен,
Жаманшылық күн таяп
Сыбағалы, еселі:
Сарайының түбіне
Бір ағаш шығып өседі,
Екпей шыққан ағашты
Қасиетті деседі.
Күн асқан сайын ұзарып,
Аспанменен тілдесіп,
Сансыз бұтақ таралып,
Жапырағы гүлdestі,
Ең басына ағаштың
Көз жетпестей биік боп,
Күн аса алмай басынан,
Тұрғандай бейне тиіп көк.
Көлеңкесі шаһарға
Тегісімен түседі,
Ғажап етіп жаратқан
Тәңірімнің ісі еді.

Түн болғанда басында
Алтын панар жанады,
Қасында сұлу қыз отыр,

Қолында алтын таяғы.
От жанып тұр лапылдап,
Табағының ішінде,
Көрмес те ілік ғаламат
Өңің түгіл түсінде.

Патша ғашық болады,
Қызды көріп көрікті.
«Кімсің» деп қыздан сұраса,
Былай деп жауап беріпті:
«Пәнде қолы жетпестей,
Есінен және кетпестей,
Менің атым — дүние,
Ләпсісі кімнің зор болса,
Маған болар сол ие».
Жалынды патша, жалбарды:
«Жерге түс, — деп сұлуға, —
Сарайымды көрсетіп,
Құмармын қонақ қылуға».
«Түсуге жерге, — қыз айтты,
Ұлықсат жоқ тәңірден,
Аса алмаймын, патшам,
Тәңірі берген әмірден».
Сұрады патша тағы да:
Жалбарынып қамыға,
Тәжін шешіп, бас иіп,
Қызға мүлде табына.
«Өзің-дағы панарсың,
Панар неге жағасың,
Қолындағы табаққа
Отты қалай саласың?»
«Отты ұстап тұрғаным,
Отқа бәрі табынбақ,
Оттың тілін білгенге
Жердің жүзі бағынбақ.
Өзің кел менің қасыма,
Оттың тілін үйретем,
Оттың тілін білемін.
Оттың тілін үйренсең,

Орындалар тілегің.
Бірақ, патша, қасыма
Келе алмайсың, қорқасың,
Оттың тілін үйренсең,
Жер түгіл әуел аспанға
Құдайменен ортақсың».
Жігерленді падыша,
Ағашқа болды шықпақшы,
От ұстаған сұлудан
Оттың тілін ұқпақшы.
Патшалық бақыт, мал-қазына,
Қанағат қылмай мол қызық,
Өрмеледі ағашқа.
Жете алмады күн ұзын,
Түн болғанда падыша
Титығы кұрып тоқтады.
Қара бұлт шығып аспанға,
Керемет дауыл соққаны.
Арманым өлсем жоқ деген
Сұлуменен табысып,
Сұлу түгіл жан қайғы,
Патша отыр қалтырап,
Бір бұтаққа жабысып.
Ағашты дауыл теңселтіп,
Патшаның өңі бұзылды,
Патша отырған бұтағы
Шорт түбінен үзілді.
Қырғи соққан торғайдай
Домалап патша құлады,
Жерге түсті денесі,
Күл-талқан боп сынады.
Тойымы жоқ нәпсісі
Өлімменен тынады.

* * *

Пайғамбардың ұлын айтар он бір деп,
Молдалар кітап оқиды
Аяқ жағын дәл-дүл деп,
Аңқауды айтар ар-гүр деп,

Арамзаны айтар көлгір деп.
Көргенсізден қыз алсаң,
Үйіне қонақ қонғанда,
Баласын ұрып қарғайды:
«Жасыңа жетпей өлгір!» деп.
Нәсілсіздің баласы
Ауылдың тыншын алады,
Соқыр қаздай әңкілдеп.
Бай адамның баласы
Он төртінен толысып,
Түрленіп туған аймен тең.
Жарлы адамның баласы
Боран күнгі таймен тең.
Орыны жоқ жаманға
Есіктің алды төрмен тең;
Жаманнан көрген қорлығы
Көкіректен кетпес шермен тең.
Басшысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса,
Өртеніп кеткен жермен тең.
Томырықтың мінезі
Мұздап тұрған ағаштай,
Сыйласпаса ағайын,
Атасы басқа алаштай.
Мейірім кетті, жұрт, сенен
Бар-жоғыңа қараспай.
Бас алқасы кеткен соң,
Бас-басына би болар,
Айтқан ақыл жараспай.
Жарлыға жалғыз ат бітсе,
Шұнақ болар құйрығы.
Ырыссыз туған сен қу деп,
Бір-бірінен көреді,
Ол бейшара ұқпайды —
Бәрі құдай бұйрығы.
Жақсы болса алғаның,
Қызығы болар қызбен тең;
Тәттілігі түзбен тең,
Жаман болса алғаның

Кірсіз көйлек кигізбес,
Жаныңа пайда тигізбес,
Астыңнан өткен сызбен тең.
Шығыс, Батыс бірдей жау,
Алды — игілік, арты — дау,
Шыр айнала тас қамау,
Сергелдең жорық қан талау,
Алды игі, арты қайырсыз
Жер болғаның құрысын!

Суыңды сенің татты да,
Өтірік-өсек бақты да,
Айырмай қара-ақты да,
Биің болды парақор!
Антты судай сіміріп,
Көз қысып, ерін жымырып,
Пәтуа жоқ, шын да жоқ,
Баққаны ылғи сұмдық боп,
Ағайын болды жалақор.
Ту ұстап ерің қалмады,
Шерге айналды арманы,
Аш бүйіріңнен қадалып
Орыстың салған қармағы.
Барар жер, басар тауы жоқ,
Тайы болдың таңбалы,
Құлақкесті құл болды
Қасқа мен жайсаң, саңлағы.
Бай малына сүйеніп,
Нашарға түсті салмағы,
Иен даланды шаңдады,
Еліңді езіп қандады,
Сырғалыңа сұқтанды,
Жеріне орнап нықтанды.
Дақсызына дақ салды,
Басындағы бақты алды,
Ойланбайсың біреуің,
Енді алмаған нең қалды?!
О, бұл күнің де күн екен!
Ендігі күнің мұң болар,

Аталының арты азып,
Әумесер тентек жын болар.
Жапырақты шынарың
Сояуы қалып сұм болар.
Жерінді алар тіліктеп,
Мүшенді санар жіліктеп,
Айналанды кілттеп,
Ел қамын жеген ерінді
Қойдай сояр бөліктеп.

Қаларсың иен сен, Арқа,
Тарыларсың, кең Арқа,
Көксеп келген қазіретің
Шұбырындыға ұшырап,
Күңіреніп қайтар, күліп кеп.

* * *

Қан жалаған қаһарлы
Орыстың шыққан ұлығы,
Аға сұлтан, қазының
Қабаттады былығы.
Аяғезін ақшалап,
Астынан тартты жылымы.
Меңіреу, керен ел болды,
Тас болып қатып құлығы.
Бас айналды, пәңгірді
Көгерді де жұлыны.
Төрінді алды сары орыс,
Таяқтай болып шылымы,
Байдың кетті қайыры,
Малдың кетті шәйірі,
Келіннің кетті әдебі,
Ер қалмады дәмелі!

Батырдың туы жығылды,
Ел шұңқырға тығылды,
Атқа мінер адам жоқ,
Ақ пейіл, адал пиғылды.
Айран ішкен құтылып,

Жалаған шелек тұтылып,
Ел сықпадай сығылды.

Тұлпардың басты орынын,
Тез қатыр ұшқыр шығымды,
Жел жағынды желдіріп,
Батысың келіп ортаңа,
Сұғанағы сұғынды.
Бүйіріңнен қадалды,
Арамдады адалды.

Ел қорғайтын ерің жоқ,
Қарсы тұрар табанды,
Басына келіп орнатты
Қайғылы қара заманды.
Айдап шығып алады
Егіндік сулы сағанды.
Торғайдай болып тозарсың,
Өшірер мүлде қараңды,
Көгендей тізер салт атты,
Жарайтұғын балаңды.

* * *

Әуелі Алла айталық,
Ағузи билляһи әліпті,
Қайыр беріп сыйлаңыз
Мүсәпір мен кәріпті.
Кәріпке қайыр берсеңіз,
Ахиреттің дәулеті,
Қараңғы емес, жарық-ты.
Құдай білер деген сөз
Тыңда мақшар күнінде,
Өз алдына анық-ты.

Есім заты құдайдың
Бір бисмилля е деген,
Ахиретте не болар,
Құдайды жақсы білмеген?
Құдайды жақсы білген құл

Тозаққа жанып күймеген,
Қыл көпірден өтерде
Қинауды көріп тұрарсың,
Мына күнәм жалғанда
Жақсылық жолдан жүрмеген,
Сүйтсе-дағы байғұстар
Ти талабын қылыңыз,
Қүдіреті үлкен құдайдың
Жарлығын жақсы біліңіз.
Қүдіреті күшті құдайдың
Жарлығын жақсы білсеңіз,
Мүңкір, Нәңкір келгенде
Бұлбұлдай сайрар тіліңіз.
Қайырым жоқ, сорлы байлар-ай,
Тәңір алдына барғанда,
Табылар сонда мініңіз.
Жау алмағы еліңнің,
Елге қойған батырын
Жауға қайрат қылмаса,
Жамандардан несі артық?
Жаулық киген қатындай,
Қайырсыз байдың несі артық?
Ел қонбаған тақырдан,
Ақырзаман кезінде
Бейіл кетіп пендеден,
Бай дәметер пақырдан.
Бұл заманда тентек көп,
Дінін жұтқан мақұлдап.
Көкірегі тұйық болмаса,
Көр санаттың несі артық
Көз бітпеген соқырдан?
Жаманға құдай салмаған
Жүз мәртебе ақылды.
Ақылы жоқ жамандар
Әуелінен құр қалып,
Енді не дәметет ақырдан?!

* * *

Иманды бұл дүниеде ер сұрайды,
Тітіреп дәретсізден жер жылайды,
Көп жеген кісі ақысын залым-зұлым
Бек қысып қабырғаңнан көр сұрайды.
Иманы адал құлдың дайын болар,
Көңілге жамандығы аян болар,
Бұлдаған сүтін-күшін сүт қорлықтар
Көріңе өлгеннен соң шаян толар.

Ей, мұсылман, қарындас,
Өкеңнен алған ақылың
Қазылған қара жолмен тең.
Жақсысы кімнің бар болса,
Алдында сары белмен тең.
Жақсыдан алған ақылың
Сайдан келген жермен тең.
Көп жаманның мінезі
Жиылып келген жынмен тең;
Көтерілген көп жаман
Көшпелі жолдан адасса,
Көп те болса, азбен тең;
Қаптаған боран ашылса,
Жадыраған күн, жазбен тең.
Халайықтар, жараңдар,
Халқыңменен тату жүр,
Өтетұғын сүм дүние
Қаңқылдап ұшқан қазбен тең.

* * *

Ер қанаты ат болар,
Жаяу адам мәрт болар,
Сөйлеспесе ағайын,
Алыстан да жат болар.
Сөз бастайын бисмилла,
Әуелі Алла құдай деп,
Екі дүние айтады,
Жаратқан егіз жұбай деп,

Сөге көрме, жақсылар,
Осынау сөзің қалай? — деп.
Қожа, молда айтады,
Кітабында солай деп,
Өз көңілімен іс қылған
Кәпірді айтса болмай ма,
Құдайдан соң, жарандар,
Мұхамметті айталық,
Өзінің сүйер дос кісі,
Өтірік, жалған сөйлейді
Иманына қас кісі.
Бейішті қайтіп көреді
Бұл дүниеден бос кісі.
Тоқсан тоғыз ақылды
Өзі білер құдайым,
Тентек пенен мақұлды.
Өлмеймін деп ойлама,
Өткен дүние ғафыл-ды.
Ақылы келте адамдар,
Құлшылықты қойдай бақ,
Ақиреттің дәулеті
Алыс емес, жақын-ды.
Қасиетті әулие жоқ
Шайхы менен Нақыптай,
Анасын күткен адам жоқ
Түсіп пенен Жақыптай.
Тілеуі дұрыс пенде жоқ
Аюп пенен Сақыптай.
Құданың сүйер шын досы
Молда болған Мақамет
Ұстатқа беріп оқытпай.

Жеті дарияның біреуі
Көз жеткісіз нұр болар,
Дуа қонса аузыңа,
Айтқан сөзің бұл болар.
Құдай артық жаратқан
Әуелі «қап» пен «нүн» болар.
Жеті дария біреуі

Гаяты ғылым сабыр-ды,
Бұл дүниенің, жараңдар,
Шала илеген терідей.
Өтірік, жалған сөйлейсің
Иманыңа забыр-ды.
Жеті дәруіш біреуі
Гаяты ғылым ақыр-ды.
Қылмысы қатты байғұсты
Шайтан малғұн шақырды.
Ғарасат күні болғанда
Тозаққа салар кәпірді,
Өлмеймін деп ойлама,
Бір көрерсің ақырды.
Жастығыңа мақтанба,
Қанды тартып денсеңнен
Көрілік келер алдыңнан.
Қауындай болған сүйегің
Опат болар қабырда,
Бұзыларсың сонда қалпыңнан.
Өлмеймін деп ойлама,
Ажал келер алдыңнан,
Жарақты жаудай сайланып.
Алладан келген өлімді
Уайым жеп айтпаңыз,
Ол дүниеден құр қалып,
Бұл дүниеге айланып,
Кісі ақысын жедім деп
Тіршілікте мақтанба!
Күнә келер алдыңнан,
Өрттен шыққан түтіндей,
Надан болдың, сұм пенде,
Бұл дүниеде күтінбей.
Бай болдым деп мақтанба,
Қайыры жоқ малыңның
Ақиретте шаяндай.
Бұл дүниенің күллісі,
Шын дүниенің баяны,
Жамандық қылып жасарсың,
Ақиретте аяп-ды.

Көп тудым деп мақтанба,
Зорлықтан көрер пайда жоқ,
Қанша дәулет бітсе де,
Әлі пенде тойған жоқ.
Пайғамбар мен Шәһәрнәр
Уағдадан тайған жоқ,
Өзгенің бәрі халатты,
Бір құдайдан жалған жоқ.
Ыдырыстан басқа еш кісі
Бейішке тірі барған жоқ,
Молда болған молдалар,
Молдамын деп мақтанба!
Молдалығың сол болар,
Қауындай бөліп жемесең,
Бұйрықсыз ысқат алмасаң,
Аят айтқан толымдар,
Алдамшы болған зәлімдер,
Мен өтірік айтпаймын,
Кітаптан қарап көріңдер.

ЕРТУҒАН БҰЛ КҮНДЕ БАЙ, ЖАСЫНДА ҰРЫ

Ертуған бұл күнде бай, жасында ұры,
Жүрген жоқ еш адам да бұдан құры,
Осы күн Сыбан алды дәулеті бар,
Белгілі айтпасақ та сізге сыры.

Төлебай түбі таза, жері аласа,
Ақ жүрек аңқылдаған бір тамаша,
Үйренген именшек боп, көп жасқанып,
Белгілі көзінен-ақ жалт қараса.

Тұлғалы жақсы-ақ жігіт, бір жүрген мас,
Ақ ауыз ойнақшыған сөзге тұрмас,
Ғибашты емді деген өсегі бар,
Болыпты Тобықтыға осы сыр паш.

Бар ма екен Орта жүзде қатын ембек,
Бар шығар татулықпен ойнап-күлмек,
Сұрандар көзі көрген Ыдырыстан,
Оңдасын істің артын құдай жөндеп.

ДУЛАТТЫҢ АЙТҚАНЫ

Барақ төренің тұсында Қызай деген ел жылқы әкетіп, соны қуып Барақ, Бөтеке, Дулат үшеуі барыпты. Сонда 40 күн жатып, бітім алып қайтыпты. Қызайда Қосет деген ақын бар екен. Сол жерде Дулат айтқан деген сөз:

Біз аттандық Қызайға,
Сиынып шықтық құдайға,
Бөтеке, Барақ бас қосып,
Жіберме сөзді ылайға.
Қызайдың жедік байталын,
Қазып алдық сайтанын,
Алтай жүріп жазды алдық,
Қоңыр Оба, Сазды алдық;
Бір үлкен көлі бар екен,
Айнала атып үш жүз үйрек, қазды алдық,
Аяғына келгенде Қосет деген тазды алдық, —

депті. Қызайдың адамдары өздерінің ақынның кемшілігін (тазын) айтқан соң, «Тіліне шөк түскір Дулатты малын беріп қайырайық», — деп, көзі бар малының көзін беріп, көзі жоғына толық төлеу беріп, қайырған екен дейді.

* * *

Төмендегі өлең шумақтары Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынған. Дулаттың прототипті — Барластың аузынан шыққан жырлар ұлы жыраудың өлең өрнегі мен стилін айқын танытады.

Құлағың сал жырыма,
Ойлана қара сырыма.
Шад-шадыман емеспін,
Құр құландай жортқанмен,
Құбылтып күй тартқанмен,
Қайғыдан Барлас құрыма?!

* * *

Аға сұлтан ұлық бар,
Елге мәлім қылықтар,
«Өл» дегенде өлмесең,

«Жүр» дегенге жүрмесең,
Малы құрым құрықтар,
Кісен салып құлыптар!

* * *

Старшын дейтін әкім бар,
Пайдасын көрер жақындар.
Қалың елі тек жемі,
Боранды күн тиіскен
Аш қасқырдай тақымдар...

* * *

...Жарлы, зарлы демейді,
Кеңінен ашып көмейді.
Түгіменен түйесін
Жұтам десе қай сорлы
Қалтқы болып бөгейді?
Соны көріп ақынның
Аса түсіп ағы да,
Ажымы да көбейді.

* * *

Дулат жыраудың бала Абайға берген батасы:

Шырағым, ер жетерсің,
Ер жетсең, сірә, нетерсің.
Алысқа шырқап кетерсің,
Шындасаң, шыңға жетерсің.

